

Қазақстан мемлекетін құру,
қазақстандық болу – бізге
тағдыр сыйлаған ұлы бақыт.
Біз оны әрдайым зор
мақтаныш сезіммен
ұрпақтан-ұрпаққа
табыстайтын боламыз.
Елбасы
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

30 ТАМЫЗ – КОНСТИТУЦИЯ КҮНІ



АЙБЫНДЫ АТА ЗАҢ

4

ТӘУЕЛСІЗДІК – 30



ӘЛЕМ ЭНЕРГИЯСЫ

5

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!

2021 жылғы 27 тамыздағы
мәлімет бойынша
АЛМАТЫДА

I компонентпен
855 687

II компонентпен
711 823

адам вакцина салдырды

ХАЛЫҚ САНАҒЫ–2021



«ҚАЗАҚСТАНДА ӘРКІМ
МАҢЫЗДЫ!»

ЕЛІМІЗДЕ ҰЛТТЫҚ
ХАЛЫҚ САНАҒЫНЫҢ
БАСТАЛУЫНА

03

КҮН ҚАЛДЫ

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006

ӘКІМ

ТҮРЕН ТҮСКЕН ТҮРКСІБ

Ауданда жол, жарық, құбыр, сумен қамту, көгалдандыру
жұмыстары сапалы атқарылуда



Кеше Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев жұмыс сапарымен Түрксіб ауданына барды. Шаһар басшысы аудандағы жолдардың жөнделу барысын, сумен жабдықтау желілерінің құрылысы мен жаңа аудандарды абаттандыру жұмыстарының сапасын тексерді.

Қазіргі таңда Түрксіб ауданындағы «Нұршашқан» ықшамауданында 28,8 шақырым су құбыры мен 18,6 шақырым су бұру желісінің құрылысы аяқталуға жақын. Орталықтандырылған жүйе 821 үйді қамтамасыз етеді, тұрғындар саны – 3,5 мың адам.

Б.Сағынтаев абоненттерді қосуды

және жолдарды қалпына келтіруді тездетуді тапсырды. Әзірге жалпы ұзындығы 16,6 шақырымды құрайтын 43 көшенің 37-сіне асфальт төселді, жолдың үстіңгі қабатын қалпына келтіруді қыркүйек айының соңына дейін аяқтау жоспарлануда.

2

ТӘУЕЛСІЗДІК–30

Жасампаздыққа толы жылдар

Алматы қаласының басты жетістіктері сараланды



Динара
МҰРАТ

Қазақстан Тәуелсіздіктің 30 жылында талай белесті бағындырып, әлем мойындаған қуатты мемлекетке айналып отыр. Соның ішінде оңтүстік астана саналатын Алматы қаласының барлық салада алатын орны ерекше.

Кеше еліміздің зиялылары «дөңгелек үстелге» жиналып, қала әкімінің орынбасары Ілияс Ерікұлы Өсеровтің төрағалығымен сүйікті қаламыздың осы уақыт аралығында жеткен

жетістіктері туралы әңгіме қозғап, алдағы уақыттағы даму жолының жаңа тетіктері қарастырылды.

Қала әкімінің орынбасары Ілияс Ерікұлы іс-шараның шымылдығын ашып, еліміз дамуындағы Алматының алар орнына тоқталды. Ол Тәуелсіздікке жетудің ұзақ жолы біздің қаламызда басталғаны кездейсоқ емес екенін, мемлекеттің қалыптасу жолындағы ең айтулы оқиғалар Алматымен тығыз байланысты екенін атап өтті.

3

ҚЫСҚА...

- Токио–2020 Паралимпиадасында қазақстандық Давид Дегтяров алтын, Әнуар Сариев күміс жүлдегер атанды.
- Еліміздегі әскери қызметшілердің ас мәзіріне жылқы еті, түйе еті, балық және дәстүрлі сусындар қосу жоспарлануда.
- Еңбек ету қабілеті мен асыраушысынан айырылу бойынша берілетін әлеуметтік төлемдер 2022 жылдан бастап 5%-ға артады.
- Мегаполистері 821 үй орталықтандырылған ауызсу жүйесіне қосылады.
- Шаһарда бюджет қаржысы есебінен 7 ірі спорттық нысан салынуда.
- Қалада мұғалімдер арасында Digital Ustaz Almaty атты жаңа байқау басталды.
- Алматының төрттен бір бөлігін 18 жасқа дейінгі жастар құрайды.



ТҮРЕН ТҮСКЕН ТҮРКСІБ

Ауданда жол, жарық, құбыр, сумен қамту, көгалдандыру жұмыстары сапалы атқарылуда



Айнұр
СЕНБАЕВА

Ықшамаудан тұрғындарына жылдамдығы жоғары интернетке қол жеткізу үшін жеке компания талшықты-оптикалық байланыс құрды. Бүгінде 245 үй Интернет пен теледидар қызметтерін қолданып отыр. Әлеуметтік жағынан осал және көпбалалы отбасылар үшін айына 500 теңгеден басталатын жеңілдіктер қарастырылған. Жыл соңына дейін жоба «Маяк» және «Әлмерек» ықшамаудандарында жүзеге асады.

«Әлмерек» ықшамауданында 5,5 мыңнан астам тұрғын, 1113 үй бар. Бірінші кезеңде 819 үй жаңа желілерге қосылған. Екінші кезеңде оны іске асыру келесі жылға жоспарланған, қалған үйлер қосылады. 51 көшенің 25-і асфальтталған, жалпы ұзындығы 17,2 шақырым, 26 көшеде жұмыс жалғасуда.

«Қайрат» ықшамауданында 1292 үй бар, 5,5 мыңнан астам адам тұрады. Сумен жабдықтаудың жаңа желілеріне қосу аяқталуда. Жолдарды қалпына келтіру және салу жалғасуда. Ұзындығы 20 шақырым-

Соңы. Басы 1-бетте.

нан асатын 43 көше асфальтталды, 21 көшеде жұмыс жалғасуда.

Қала әкімі «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша «Қайрат» ықшамауданындағы тұрғын үй кешенінің құрылыс барысымен де танысты. Кешен 2062 пәтерлі 35 үйден тұрады. Мыңдаған мұқтаж жандар қолжетімді баспанамен қамтамасыз етіледі, оның ішінде көпбалалы отбасылар, халықтың әлеуметтік осал топтары мен жұмыс істейтін жастар бар. Сондай-ақ, мегаполис әкіміне Закарпатская көшесінің бойында инженерлік желілердің құрылысының жоспары көрсетілді, онда 70 үй бар, онда 290 адам тұрады. 4,5 су құбыры мен 1 шақырым кәріз жүйесін жүргізу қажет.

Б.Сағынтаев абаттандырудың екінші кезеңі жүргізіліп жатқан «Маяк» ықшамауданындағы саябақ аймағында болды. Жобада ойын алаңдарын, гимнастика мен Workout алаңдарын салу, сондай-ақ демалыс аймақтарын көгалдандыру мен жарықтандыру қарастырылған.

Түркісіб ауданының тағы бір жаңа саябақ аймағы Жарбұлақ өзенінің жағасында, Бұқтырма-Майлин көшелерінің қиылысында салынуда. Жоба жалпы аумағы 6,5 га болатын «Аспан» саябақ аймағын ұйымдастыруды қарастырады. Кіші архитектуралық формалар, орындықтар, ойын алаңдары мен спорт алаңдары, қоқыс жәшіктері

орнатылады. Саябақтың жасыл қоры ретке келтіріледі.

Кассина мен Котельников көшелерінің қиылысында реновация бағдарламасы бойынша 30 апатты үйді бұзу жоспарлануда. Бұл алаңда 820 пәтерлік 27 бес қабатты үй салынады. Алғашқы екі үй осы күзде пайдалануға беріледі. Б.Сағынтаев құрылыстың мерзімі мен сапасына назар аударды. Қала тұрғындарының өмір сүру сапасы мен мегаполистің тұрғын үй қорын жаңарту мақсатында ескі аудандарда жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатқаны мәлім.

Алматы қаласының әкімі Костромская көшесінің бойында габионды конструкциялардан жасалған тірек қабырға құрылысының барысымен, балалардың оңалту орталығының ғимаратын қайта жаңарту жобасымен танысты. Сондай-ақ, қала әкімі күрделі жөндеу жұмыстары жүріп жатқан Бірыңғай диспетчерлік қызметтің ғимаратында болды.

Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев Түркісіб ауданындағы жұмыстардың атқарылу барысын тексергеннен кейін аудан басшылығына бірқатар тапсырмалар берді. Әкім аудандағы тұрғындардың жайлы өмір сүруі үшін жол, су, жарық мәселелері уақытылы шешіліп, құрылыс, жөндеу жұмыстары сапалы атқарылуы қажеттігін ескертті.



ЗАМАН ТАЛАБЫНА САЙ

Алматыда жер кадастрының мәліметтер базасы цифрландырылуда



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен онлайн-брифингте Алматының Жер қатынастары басқармасының басшысы Ардақ Самамбетов айтты.

Басқарма басшысының айтуынша, жыл басынан бері басқарма мамандары 8 мыңға жуық жеке тұлғалардан, қалғаны заңды тұлғалардан келіп түскен 10100 өтінішті қараған. Тағы 9114 мемлекеттік қызмет электронды үкіметтің веб-сайты арқылы (90%-дан астам) және тікелей мемлекеттік орган арқылы көрсетілген.

«Биыл қалалықтардың 4500-ден астам өтініші қаралды. Негізгі жұмыс мектеп, балабақша мен аурухана салу үшін жер телімдерін іздестіру бойынша жүргізілді. Нәтижесінде Алатау ауданында алаңы 12,2 га жер учаскесі табылып, ҚР ДСМ Жұқпалы аурулар ұлттық ғылыми орталығының құрылысына берілді», – деді А.Самамбетов.

Жер қатынастары басқармасы ағымдағы жылы Алатау ауданындағы «Рахат», «Мәдениет», «Алғабас» және «Теректі» ықшамаудандары тұрғындарының бау-бақшаға арналған жер учаскелерінің тағайындалған мақсатын өзгерту туралы 755 өтінішін қанағаттандырды. Бұл жерді тұрғын үй салу үшін пайдалануға мүмкіндік берді.

«Жетісу ауданында – 37, Наурызбайда – 33, Алатауда – екі рұқсат етілмеген жер телімдерінің мәселелері шешілді», – дейді А.Самамбетов. Мемлекеттік қажеттіліктер үшін 9,8 млрд. теңгенің 159 жер учаскелері алынды. Бұл 14 әлеуметтік және инфрақұрылымдық объектілердің құрылысын аяқтауға мүмкіндік берді. Тәркіленген жер телімдерінің орнына Бухтарминская жолайрық салынуда. Жандосов көшесі кеңейтіліп, балабақшалар салынуда.

«Құрылысы аяқталып қалған 7 нысан бар. Олар 2021 жылдың соңына дейін іске қосылды. Бұл Абай даңғылын Яссауи көшесінен Алматы қаласының шекарасына дейін ұңғылау. Рысқұлов даңғылы мен Ем-цов көшесінің қиылысындағы жолайрығы,

Алматы ауданы Байзақов көшесінің батысында Абай даңғылының солтүстігінде орналасқан әкімшілік ғимараттың құрылысы жүргізілуде. Бостандық ауданында Бас жоспарды іске асыру әл-Фараби даңғылының бойында Витебская көшесінің қиылысында жалғасуда», – деді Жер қатынастары басқармасының басшысы.


Сонымен қатар, «Мәдениет» ықшамауданындағы мектепке баратын жол, Түркісіб ауданындағы Читинская көшесінің бойына кәріздік сорғы станциясы салынуда.

А.Самамбетов Алматыда қаланың тарихи орталығында орналасқан 9 нысанды қайтару бойынша жұмыстар жүргізіліп жатқанын айтты. Кейін бұл жерде қоғамдық орындар ұйымдастырылады.

Сөзінің соңында Жер қатынастары басқармасының басшысы қазіргі уақытта Алматыда жер кадастры базасын цифрландыру жүргізіліп жатқанын, оның көмегімен бірқатар қызметтер онлайн-режимінде көрсетілетінін айтты. Сондай-ақ, жер қатынастары мен сәулет саласында қызмет көрсетуге арналған географиялық ақпараттық жүйені толтыру жүзеге асырылады.



Алматылық
40 мың
бала спорт секциясына
тегін қатыса алады.



Қала әуежайы жылына
2,5 миллион
жолаушыға қызмет көрсетеді.



Шағын өзендердің
28-і
Алматы арқылы ағып өтеді.



Мегаполисте
2 001 304
адам тұрады.



Оңтүстік астананың сыртқы
жарықтандыру
желілерінің ұзындығы –
4815
шақырым.



БАСПАСӨЗ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

«Адамға табын,
Жер енді!»Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Биыл 29 тамызда дүние жүзіндегі ең ірі ядролық сынақ алаңдарының бірі – Семей полигонының жабылғанына 30 жыл толады. Осыған байланысты Қазақстан Журналистер одағының ғимаратында «Адамға табын, Жер енді!» атты баспасөз конференциясы өтті.

Бұл айтулы күнді айтқанда ядролық жарылысқа қарсы халықаралық қозғалыс – қоғамдық-саяси ұйым – «Невада–Семей» қозғалысы қатар аталады. Халықаралық қозғалыстың бастауында аты әлемге әйгілі ақын, Қазақстанның халық жазушысы, ұйым жетекшісі Олжас Сүлейменовтің тұрғаны мәлім. Жиынға Олжас Омарұлының өзі қатысып, антиядролық қозғалысының құрылу себебін, полигондағы сынақтарды тоқтату үшін ұйымның мүшелері өткізген түрлі шаралар туралы айтып берді.

Семей аймағына ғана емес, бүкіл қазақ даласына алапат қасірет алып келген сынақ аймағында 1949–1989 жылдары 470-тей ядролық жарылыс жасалып, оның 90-ы әуеде, 26-сы жер астында жүргізілген. Семей полигонының жабылғанына 30 жыл өтсе де, оның зардабы толық жойылған жоқ.

– Әлем бойынша ядролық қарудан бас тартқан тұңғыш мемлекет ол – Қазақстан. 1989 жылы ақпан айында Семей полигонын жабу туралы «Невада–Семей» қозғалысының алғашқы митингі өтті. Қазақстандағы ядролық полигонды жабу үшін алаңға мыңдаған адам жиналды. Сынақ полигонының қауіп-қатері туралы жазушылар, бұқаралық ақпарат құралдары ашық ақпарат бере бастады. Дәл осы күні «Невада–Семей» ядролық сынаққа қарсы қозғалыс құрылды. Бұл – халықаралық шешім еді.

Кеңес Одағы өмір сүрген кездің өзінде «Невада–Семей» туралы хабарлар бүкіл әлемді дүр сілкіндірді. Полигонға жақын облыстардан келген екі миллионнан астам қазақстандықтар «Полигон жойылсын!» үндеуіне қол қойды. Осылайша біз ядролық жарылысты бірге тоқтаттық. Соңғы жарылыс 1989 жылдың 19 қазанында болды. Бұл кез қозғалыс құрылғанына жарты жыл өткен уақыт еді.

1989 жылы 20 қарашада Кеңестер Одағының Жоғарғы Кеңесі Семей полигонын жабу туралы қаулы қабылдады. 1991 жылы Қазақ Республикасының Үкіметі Семей полигонын жабу туралы шешім қабылдады, – деді «Невада–Семей» қозғалысының жетекшісі, ақын, Қазақстанның халық жазушысы Олжас Сүлейменов.



Жиын барысында осы тақырып бойынша елеулі еңбек сіңірген БАҚ өкілдері естелік медальдармен марапатталды. Баспасөз конференциясынан кейін «Alatau aqparat» ЖШС бастаған «Ағаштарды аялайық!» челленджін ары қарай жалғастыру мақсатында Қазақстан Журналистер одағы басқармасының төрағасы Сейітқазы Матаев челленджді Олжас Сүлейменовке табыстады. Олжас Омарұлы ғимарат алдындағы ағаштарға су құйды.

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ
БАҚЫЛАУҒА АЛЫНДЫМемлекет басшысы Жамбыл облысында болған
жарылыстарға байланысты шұғыл жиын өткізді

Қасым-Жомарт Тоқаев Жамбыл облысында болған төтенше оқиға салдарынан қаза тапқан азаматтардың отбасыларына көңіл айтып, зардап шеккен адамдардың тезірек сауығып кетуіне тілектестік білдірді. Қаза тапқан азаматтардың отбасыларына көмек көрсету бойынша нақты тапсырмалар берді. Мемлекет басшысы Жамбыл облысындағы төтенше оқиғаға байланысты бірқатар шараларды шұғыл қолға алуды тапсырды.

Ақорданың Баспасөз қызметі хабарлағандай, Жамбыл облысының Байзақ ауданында төтенше оқиға орын алды. Қарулы Күштердің оқ-дәрісі сақталатын қойманың бірінен өрт шыққан. Артынан бірнеше жарылыс болды. Жергілікті тұрғын-

дар аман-есен. Өкінішке қарай, әскери қызметшілер мен құтқарушылар арасында адам шығыны бар. Олар қызметтік міндетін атқару барысында ерлікпен қаза тапты.

Жиында Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік уәкілетті органдар қаза тапқан азаматтардың отбасыларына көмек көрсетудің барлық шараларын қабылдауды қажеттігін қадап айтты. Жұмылдырылған барлық сала мамандарының жанкештілігінің арқасында жағдай бақылауға алынып, одан да көп шығынға жол берілмеді. Маңызды мәселе ретінде апаттың себептерін анықтау қажеттігі айтылды. Төтенше жағдайдың салдарын жою үшін ведомствоаралық мемлекеттік комиссия құрылатын болды. Оған Премьер-Министрдің орынбасары Роман Скляр

басшылық етеді. Қаза болған азаматтардың отбасын әлеуметтік қорғау және зардап шеккен тұрғындарға көмек көрсету үшін барлық қажетті шаралар қабылданбақ. Денсаулық сақтау министрлігіне төтенше оқиға салдарынан жарақат алған азаматтарға жан-жақты медициналық көмек көрсету тапсырылды. Президент Бас прокуратура мен Ішкі істер министрлігіне оқыс оқиғаның мән-жайын және кінәлілерді анықтау үшін сотқа дейінгі тергеу амалдарын мұқият жүргізуді қамтамасыз етуді, мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, қоғамдық тәртіпті, азаматтардың қауіпсіздігі мен дүние-мүлкінің сақталуын қамтамасыз ету үшін кешенді шаралар қабылдауды тапсырды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ТӘУЕЛСІЗДІК–30

Жасампаздыққа толы жылдар

Алматы қаласының басты жетістіктері сараланды

«Мұнда ел үшін маңызды шешімдер: Егемендік Декларациясы, Конституция, мемлекеттік рәміздер қабылданды, Қарулы Күштер құрылды, ұлттық валюта айналымға енді. Еліміздің тәуелсіздігі тарихында Қазақстан Конституциясы ерекше орын алады, тарихи оқиғаны мерекелеу қарсаңында бүгін арнайы жиналып отырмыз. 1995 жылғы 30 тамыз күні – жаңа қоғамдық-саяси және құқықтық қатынастардың қалыптасуының бастауы болды», – деді қала әкімінің орынбасары.

Ілияс Ерікұлының хабарлауынша, Тәуелсіздік жылдарында Алматы экономикасы бірнеше есе өсіп, 2020 жылы жалпы ішкі өнім 13546,9 млрд. теңгені құрап отыр. Нәтижесінде Алматы елдегі ЖІӨ көрсеткіші бойынша көшбасшы, сондай-ақ мемлекеттік бюджеттің ең ірі доноры атанып отыр. 30 жыл бұрын Алматы халқының саны 1 млн.-нан астам адамды құраса, өмір сүру ұзақтығы 68 жас болды. Ал Тәуелсіздік жылдарында орташа айлық жалақы нақты мәнде 2,7 есе өсіп, өмір сүру ұзақтығы 75,4 жасқа дейін ұлғайды. Халықтың айтарлықтай өсуіне қарамастан, қаладағы жұмыссыздық 8,3%-дан 5,1%-ға дейін қысқарды. Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің төрағасы Рахман Алшанұлы оңтүстік астананың халық үніне

(Жалғасы. Басы 1-бетте)



мән беретін, азаматтық белсенділікті құптайтын еркін қала екенін атап өтті.

«Алматы – қай жағынан қарасаң да, ерекше қала. Еліміздегі ірі мегаполис қана емес, бүкіл азаматтық қоғамның дамуындағы көшбасшы қала. Конституция қабылданғалы бері еліміздің өміріндегі маңызды деген шешімдердің барлығы дерлік осы қалада қабылданып отыр. Одан бөлек, Алматы қаласында кез келген адам өзінің ойын еркін жеткізе алады. Яғни біздің қала – демократияның жарқын үлгісі», – деді Р.Алшанұлы.

Ал Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің ректоры Тілектес Исабайұлы Есполов қаламыздың білім саласындағы әлеуетіне тоқталып, еліміздің әрбір төртінші студенті, екінші магистранты мен әр екінші докторанты Алматыда оқитынын жеткізді.

«Қазір магистранттардың 35%-дан астамы және докторанттардың 50%-дан

астамы біздің қаламызда оқиды. Сондықтан Алматы қаласы Қазақстандағы білім және ғылым орталығы деп аталуы тегін емес. Тәуелсіздік жылдары жоғары білімді 3 млн.-нан астам кадрлар даярланып, жоғары оқу орындарының саны 65-тен 121-ге дейін ұлғайды», – деді ректор.

Одан бөлек, «дөңгелек үстел» барысында өзге де салалардың көшбасшылары сөз сөйлеп, өздерінің ұсыныстарын білдірді. Олардың қатарында Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы, ақын Ұлықбек Есдәулет, Республикалық спорт колледжінің директоры Аманбек Тшанов, ҚР еңбек сіңірген туризм қызметкері Бақыт Камалқызы, т.б. бар. Аталмыш шарада Алматының даму жолы жан-жақты қарастырылып, жана ұсыныстардың айтылуы «дөңгелек үстелдің» өзектілігін көрсетті.

Әзірлеген Динара МҰРАТ.

Жастарға қолдау
көрсетілудеАйжан
БҮРКІТБАЕВА

«Жасыл ел» жобасы аясында жастар кеңесінде 2025 жылға дейін 5 мың жасты уақытша жұмыс орнымен қамтамасыз ету мәселесі талқыланды.

Алматы қалалық Жастарды қолдау жөніндегі өңірлік қоғамдық кеңестің кезекті отырысында жастардың әлеуметтік жобаларын іске асыру арқылы шығармашыл жастарды, жас ғалымдарды, стартаперлерді қолдау жөніндегі кешенді іс-шараларды іске асыру мәселесі көтерілді.

Отырыс барысында «Жастарды қолдау» ҚҚ басшысының ауысуына байланысты жоба уақытша тоқтатылып, қайта құру ағымдағы жылдың қыркүйек айына жоспарланып отырғаны атап өтілді.

Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасы басшысының орынбасары Р.Бекбергенов өз баяндамасында Мемлекет басшысының «5 әлеуметтік бастамасы» аясында 1477 орынды 5 жатақхана пайдалануға берілгенін және 2021 жылдың бірінші



тоқсанында Д.Қонаев атындағы Еуразиялық Заң академиясында 100 орынды жатақхананың құрылысы аяқталғанын айтты.


Отырыстың күн тәртібінің үшінші мәселесі бойынша колледждердегі 600 орынды 2 жатақхана құрылысының барысы туралы Алматы қаласы Жайлы қалалық орта басқармасының өкілі баяндады.

Бүгінгі таңда «Зерделі» және «Құлагер» ықшамаудандарында жалпы қуаттылығы 760 орынды жатақхана құрылысы бойынша жобалық-сметалық құжаттама әзірленуде.



30 ТАМЫЗ – КОНСТИТУЦИЯ КҮНІ

Айбынды Ата Заң



Қазақстан өзінің зайырлы, демократиялы, әлеуметтік, құқықтық мемлекет екенін Ата Заңы арқылы әлемге танытты. Басты заңымыздың қабылдануы Конституциялық құрылыстың құқықтық негізін қалады, мемлекеттік тетік және қоғамдық, саяси жүйенің негізгі қағидаттарын орнықтырды. Құқықтық саясатымызда Тәуелсіздігіміз бен Конституциямыз ажырамас егіз ұғымға айналған. Бірінсіз-бірі толыққанды мазмұнға ие бола алмасы анық. Біздің Конституциямыз жарқын болашаққа апаратын айқын жолымыз, арқа сүйер асқар тауымыз, ардағымыз, айбарымыз деуге әбден болады.

Конституция тарихы

Еліміздің шежіресіне үңілсек, Алаш ұмтылысынан кейін республикамызда бірнеше Конституциялар өмірге келген. Соның алғашқысы 1926 жылы 18 ақпанда Қазақ АССР-і Орталық атқару комитетімен тұңғыш Конституция жазылып, РСФСР Орталық атқару комитеті бекітпегеннен кейін күшіне енген. Кейін 1937 жылы 26 наурызда Жалпықазақ кеңестерінің X төтенше съезі өтіп, жаңа Конституцияны бекітті. Қырық жылдық тұмыры бар Конституцияны 1978 жылы 20 сәуірде «кемелденген социализм» аталған заманның Конституциясы алмастырды. Міне, осы құжат Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Басты заңымыздың қызметін атқарды. 1993 жылғы 28 қаңтарда Қазақстанның төл Ата Заңы қолданысқа енді. Елдің егемендігін танытатын 1993 жылғы тұңғыш Конституция мемлекетіміздің тәуелсіздігін ең жоғарғы заң тұрғысында саяси-құқықтық сипатта алғаш бекіткен құжат болатын.

Жаңа Конституция 131 негізгі және 13 өтпелі баптан тұрды. Негізгі заңға кіріспе, «Конституциялық құрылыстың негіздері», «Азамат, оның құқықтары мен міндеттері», «Қоғам мен оның құрылысының негіздері», «Мемлекет, оның органдары мен институттары», «Конституцияны сақтау кепілдіктері», сондай-ақ «Өтпелі ережелер» бөлімдері енгізілді.

Қазақстан Республикасының қазіргі қолданыстағы Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды. Конституция 9 тараудан, 98 баптан тұрады. 1998 және 2007 жылдары Конституцияға Президенттің өкілеттілігін ұлғайту жөнінде елеулі өзгерістер енгізілді. 1995 жылғы Конституцияның 1993 жылғы Конституциядан айырмашылығы – жаңа Конституцияға алғаш рет азаматтың құқығына қатысты ғана емес, адам дүниеге келген сәттен одан ажырамас құқықтарына да қатысты нормалар енгізілген.

Ата Заңға қандай өзгертулер енгізілді?

1995 жылы жаңа Негізгі заңның қабылдануына дейін Қазақстан азаматтарының Конституция жобасын ауқымды талқылауы өтті. Барлығы 33 мыңға жуық ұжымдық талқылау өткізіліп, оған 3 млн. адам қатысты. Талқылаулардың нәтижесінде 30 мыңға жуық ұсыныстар мен ескертулер айтылды. Нәтижесінде 55 бапқа 1100-ден астам түзетулер мен толықтырулар енгізілді.

Жаңа Конституция келесідей өзгертулермен ерекшеленді:

- Парламенттің кең өкілеттіктерінің Президентке ауысуы және Парламенттің бақылау функцияларын жоғалтуы;
- Парламентті 2 палатаға (Сенат пен Мәжіліс) бөлу;

- Жоғарғы Кеңестің таратылуы;
- Парламенттің заңнамалық функциясы үш институт – Президент, Үкімет және Парламент депутаттары арасында бөлінуі;
- Конституциялық сот пен төрелік соттың таратылуы.

Қолданыстағы Конституцияға 1998, 2007, 2011 және 2017 жылдары да өзгертулер енгізілді.

1998 жылы Конституцияның 19 бабына өзгерістер мен толықтырулар қосылды. Бірінші кезекте өзгерістер Президенттің, Парламент депутаттарының мерзімдері мен функцияларына қатысты болды. Сондай-ақ, мемлекеттік қызметші үшін бұрын қарастырылған жоғарғы жас шегі жойылды. Сонымен қатар, түзетулерде Мәжілістің 10 депутаты пропорционалды өкілдік жүйесі бойынша партиялық тізімдер негізінде сайланады деп көзделген.

2007 жылғы түзетулер келесідей: сайлау жүйесіне көшу, премьер-министрді парламенттік көпшілік дауыспен бекіту туралы норманы енгізу және үкімет басшысын тағайындау кезінде президенттің партиялық фракциялармен консультациялар рәсімі есебінен Парламент мәртебесін нығайту, Қазақстан халқы Ассамблеясына конституциялық мәртебе берілді және белгіленген квотаға сәйкес өз өкілдерін Парламент Мәжілісі мен Сенатына жіберу құқығына ие болды.

Негізгі түзетулер ҚР Президентінің мәртебесіне қатысты болды. Мысалы, президенттің өкілеттілігін орындау мерзімі 5 жылға дейін қысқартылды (бұрын 7 жыл болған), президентке үміткерлер ҚР-да соңғы 15 жыл тұрақты тұруы тиіс деген ереже енгізілді.

2011 жылғы ақпанда Конституцияға ел Президентінің кезектен тыс сайлауын тағайындау мен өткізудің конституциялық негіздерін белгілеуге бағытталған өзгерістер енгізілді. Сол кезде Нұрсұлтан Назарбаевқа «Елбасы» мәртебесі бекітілген болатын. Нұрсұлтан Назарбаевқа өмірінің соңына дейін президент мәртебесінен бөлек, тәуелсіз билік өкілеттіктері беріледі. Сондай-ақ, ол және оның отбасы мүшелері қылмыстық жауапкершіліктен толықтай босатылады. Бұдан басқа, заң жобалары Қазақстанның Тұңғыш Президентінің бейнесін бүлдіргені, оның өмірбаянын көпшілік алдында қорлағаны және бұрмалағаны үшін қылмыстық жауапкершілікті көздейді.

Жалпыға бірдей мойындалған демократиялық қағидаттар Қазақстан халқы үшін ең жоғары құндылықтар деп бекітілді. Сондықтан бұл оқиға дәуірлік сипат алып, тарихи мәнге ие болды.

Аяғынан тік тұрып, жаһандық және өңірлік дағдарыстар салдарын сеніммен еңсеріп, халықтың өмір сүру деңгейін айтарлықтай көтерген Қазақстан орнықты демократия жолына түсті. Бұл жолда оның нық, сенімді жүруіне кепіл болатын ол – еліміздің Конституциясы, біздің Ата Заңымыз.

Дайындаған Айжан БҮРКІТБАЕВА.

САУАЛНАМА

Конституция күнін қалай атап өткен жөн?

Айшықты құжатымызға айналған Ата Заңымыздың әрбір қазақстандық үшін маңызы зор. Өйткені, ол – қоғамдағы келісім мен бейбіт өмірдің кепілі. Ал осынау айтулы күнді қалай атап өткен жөн?



Нұрлан ОРАЗАЛИН,
ақын, қоғам қайраткері:

Ата Заңды білмеу алауыздыққа әкеледі

Конституция – Тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктерін қамтамасыз етіп, жедел дамуына мүмкіндік берген құнды құжаты. Сондықтан бұл мерекені атап өту бір күнмен шектелмейді. Конституцияның қабылдануы саяси, ішкі және сыртқы ынтымақтастыққа жол ашқан қадам болды. Ата Заңымызды қадірлей білу, киелі деп жоғары ұстау бізге міндет деп білемін. Ал оның қадіріне жетіп, әр адам маңызын түсіну үшін мектептен бастап дәріптеуге басымдық беру керек. Менің ойымша, Конституция мектепте арнайы «Ата Заң» деген пән ретінде жүруге тиіс. Конституциялық құқығымызды шала білу кейде алауыздыққа әкеліп жатады. Оның әр бабын түсіну біздің өмір сүруімізді жеңілдетеді. Себебі, әрбір баптың артында әр азаматтың тағдыры жатыр. Егер адам ондағы ережені сақтап, өзін қорғай алса, онда елдің ішкі тәртібінің тұрақтылығына кепіл бола алады деп ойлаймын.



Нағиғүл БЕЙСЕМБИНА,
Әуезов ауданындағы Көпбалалы отбасылар одағының төрайымы:

Отбасында атап өтуді дәстүрге айналдыру керек

Жалпы, бұл күн балабақшадан бастап мемлекеттік мекемелерге дейін әртүрлі іс-шаралар ұйымдастыру арқылы атап өтілетінін білеміз. Дегенмен, ондай жиындар аздық етеді. Меніңше, Ата Заңымыз қабылданған күнді әр адам алдымен өз отбасында атап өтуді дәстүрге айналдырып, балаларына бүгін қандай мереке екенін түсіндіруден бастау керек. «Отан – отбасынан басталады» емес пе?! Отанға сүйіспеншілік Ата Заңымызды білуден және оның ережелерін орындаудан тұрады.



Жансия АБАЙҚЫЗЫ,
заңгер:

Бейбіт өмір сүріп келеміз

Конституция күнін еш жасандылықсыз, «Рухани жаңғырудың» нағыз көрінісі ретінде тойлау керек. Тәуелсіз Қазақстанның ең негізгі қадамы Ата Заңымызды қабылдаумен тығыз байланысты. Бұл туралы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Қазақстан жолы» атты кітабында: «...бізге бүгінгі өмір шындығымен және алдағы уақытпен бірге қадам басып, өткен ұрпақтың іс-тәжірибесі мен жарқын болашаққа деген сенімді жинақтаған Негізгі Заң қажет болды. Тәуелсіз Қазақстанның Конституциясы ашық және демократиялық қоғам орнатудың негізгі принциптерін баянды етуге тиіс болатын», – деп жазды.

Әзірлеген Айым НҰРМАН.

СПОРТ

Спортпен достасуға мүмкіндік мол



Әсел
ДАҒЖАН

Алматылық 40 мың бала спорт секциясына тегін қатыса алады. 22 жаттықтырушы балаларға ашық спорт алаңдарында сабақ өткізе бастады.

Сол мақсатта Алматы қаласының әкімдігі 500 млн. теңге қаржы бөлді. Оның үстіне қыркүйектен бастап қаржыландыру бір миллиард теңгеге ұлғайтылады. Бұл туралы қалалық Спорт басқармасының басшысы Рүстем Байсейітов онлайн-конференция кезінде айтты.

Басқарма басшысының айтуынша, 4 жастан 18 жасқа дейінгі балалар қала бойынша 71 бағыт бойынша тегін секциямен қамтылған. Сондай-ақ, «Еңбек» бағдарламасы аясында 22 маман жұмысқа кіріскен, олар 500-ге жуық баланы оқытады.

Мектеп жасына дейінгі балалар мен оқушылар баскетбол, бокс, еркін күрес, грек-рим күресі, волейбол, көркем гимнастика, жүзу, теннис сияқты олимпиадалық спорт түрлерімен қамтылған. Сонымен қатар, конькимен жүгіру, мәнерлеп



сырғанау, шаңғы және хоккей секциялары жұмыс істейді. Балалар үшін қазақ күресі, футбол, пауэрлифтинг, спорттық билер мен шахмат секциясы жұмыс істейді.

«Біз нашар көретін балаларды да спортқа тартамыз. Балалар голибол, дзюдо, жеңіл атлетика, жүзу, шахмат және дойбы түрлерімен айналыса алады. Есту қабілеті шектеулі балалар армрестлинг, бадминтон, баскетбол, бокс, еркін күрес, грек-рим күресі, волейбол, гандбол, дзюдо, кара-

тэ және басқа да көптеген секцияларға қатысуларына болады», – деді Спорт басқармасының басшысы.

Секциялар тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларға және интегралды топтарға арналған. Қалалық жаттықтырушылар бұл балаларға бейімделгіш жүзу, каратэ, бейімделетін футбол және басқа да спорт түрлерін үйретпекші. Қазір мегаполисте 18 спорт секциясында 11 664 бала сабағын бастады. Жалпы, балалар арасында футбол, тэквондо, каратэ және жүзу ең танымал секцияларға айналған.

Сонымен қатар, мегаполистің 6 ауданында жекпе-жек өнеріне үйрету орталықтары ашылды. Сабақты балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің 14 жаттықтырушысы жүргізеді. Сондай-ақ, қаланың 8 ауданында 50 демалыс орталығы бар, оларда спорт секциялары мен үйірмелері ақысыз жұмыс жасайды, оларда 5 280 адам қамтылған.

Спорт басқармасының басшысы 2023 жылға қарай қаладағы орталықтарды 200-ге дейін жеткізу жоспарланып отырғанын, биыл қосымша 50 орталық ашылатынын айтты. Сөз соңында басқарма басшысы алматылық мектеп оқушыларының жазғы демалыс кезінде спорттық өмірге қалай тартылағанын тоқталды.

«Биыл 8–12 жас аралығындағы балаларға жүзу негіздері бойынша тегін оқытудың қалалық бағдарламасы қолданылды. Барлығы 2100 бала қамтылды. Оның ішінде балалар үйінің тәрбиеленушілері де бар. Сондай-ақ, Алматы қаласының аулалық командалары арасында 4500-ден астам баланы қамтитын футбол лигалары ұйымдастырылды», – деді Р.Байсейітов.



Әлем энергиясы



Биыл Семей ядролық полигонының жабылғанына – 30 жыл. Қазақ жерінде атом бомбаларын сынақтан өткізуге тосқауыл қоюда «Невада–Семей» қозғалысының тарихи маңызы өлшеусіз екені белгілі. Тәуелсіздік қарсаңында бүгін бізге осы қозғалыстың басында болған, өзіндік үлесін қосқан мәдениеттанушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Мұрат Әуезов «Невада–Семей» қозғалысының қалай пайда болғаны туралы сөз қозғады.

Мәдениеттанушы, ҚР еңбек сіңірген қайраткері «Невада–Семей» қозғалысы, шын мәнінде, қазақстандық азаматтық қоғамның ең қуатты қозғалысы екенін айтады. Әсерлі нәтижелер тарту еткен, жігерлендіретін оқиға егемен Қазақстанды құру жолындағы сенімді қадам болды.

Маған басынан бастап «Невада–Семей» қозғалысына қатысу бақыты бұйырды. Жазушылар одағында өткен керемет кеш есімде. Жиналыс мәжіліс залында басталып, жалғасы көшеде өткен болатын. Сол уақытта Олжас Сүлейменов халық алдында тамаша сөйлеп еді, – дейді Мұрат Әуезов.

Қазақстан Жазушылар одағы ғимараты алдында өткен жұртшылық жиналысында Олжас Сүлейменов Қазақстандағы ядролық қаруды сынауды тоқтату қажеттілігі туралы мәселе көтерді. Осыдан кейін Сүлейменов есімі жарылыстарды тоқтату жолындағы күреспен тығыз байланысты болды. Ақынды халық антиядролық қозғалыстың көшбасшысы және президенті ретінде қабылдады.

– Ол кезде мен Жазушылар одағында жұмыс істедім. Бұл ғимарат маған өте жақсы таныс болатын. Антиядролық жиналыс 1973 жылы Жазушылар одағының ғимаратында өткен тағы бір жарқын оқиғаны еске салып отыр. Бұл – Азия мен Африка жазушыларының бесінші конференциясы болатын. Жалпы, жұртшылық алдында айтылған антиядролық бастама сияқты, конференция біздің санамызды отарсыздандыруға ықпал етті. Осы екі айтулы оқиға да Ұлы азаматтыққа толы кезеңге сай келетін, – деп атап өтті Мұрат Әуезов.

Мәдениеттанушы бұл оқиғалардың екеуі де Қазақстандағы оң өзгерістердің жаршысы болғанын атап көрсетті. Әсіресе, 1980 жылдардың аяғында трансформацияның жақындығы ерекше сезілетін. Олжас Сүлейменовтің жетекшілігімен қолдау тапқан ядролық қаруға қарсы кездесуде айтылған сөздер халықты шынайы шабыттандырды. Жұрт Қазақстан Республикасын мақтан тұта бастады.

«Мен ядролық қаруға қарсы қозғалыстың бірінші вице-президенті болу құрметіне ие болдым. Сонымен қатар, менің жас кезімнен таныс достарым да ядролық қаруға қарсы бастаманы қолдауға және дамытуға белсене қатысты. Мысалы, Марат Сембинді ерекше атап өтуге болады. Олар оқиғаларды шынайы азаматтықпен түсінетін рухы мықты жандар еді. Олардың «Невада–Семейге» қатысты ұсынған көптеген құнды идеялары оң

нәтижеге әкелді», – деп жалғастырады мәдениеттанушы.

Олжас Сүлейменов пен басқа да қоғамдық белсенділердің арқасында бұл қозғалыс адамдардың санасына тез әсер ете бастады.

Қозғалысты әртүрлі буын, түрлі этностар мен әртүрлі мамандықтағы қазақстандықтар қолдады. Олардың ішінде ғалымдар, Қарағанды кеншілері, жоғары оқу орындарының профессорлары да болды. Оның үстіне, тіпті ядролық ғалымдар да сынақтарды тоқтату керек деген ұстанымдарын айтудан қорықпады, – деп М.Әуезов.

Оның айтуынша, көп жағдайда халықтың бірлігі үшін алғышарттар жасалды. Ол Қазақстанның Тәуелсіздікке жету жолындағы үлкен бастаулардың бірі болды. «Невада–Семей» қозғалысы – бұл нағыз тарихи оқиға деуге болады.

Мұрат Әуезов 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы барлығын «ұлттық пәтерлерге» бөлген тұста бұл үлкен маңызға ие болғанын айтады:

«1989 жылы 28 ақпандағы кездесу жастарды шеруге, жағдайды өзгертуге қадам жасауға шақырды. Бұл оптимизм көп жағдайда Олжас Сүлейменовтің жетекшілігімен жүзеге асты. Олжас Сүлейменовтің тұлғасынан жастар бостандық туралы армандарының көрінісін көрді, оның іс-әрекеттерінде Мұхтар Әуезов, Ілияс Есенберлин, Әнуар Әлімжановтың ұмтылыстарының үндестігі бейленген-ді. Олар өз жерімен мақтана алды, бұл халықтың нағыз ұлдары мен қыздарына тән мақтаныш болды», – дейді мәдениеттанушы.

Мұрат Әуезов антиядролық қозғалыс идеясымен біріккендердің арасында әртүрлі ұлт пен дін өкілдері бар екенін айтады. Галина Күзембаеваның басшылығымен штаб керемет жұмыс істеді деуге болады. Сол кездегі кәсіпкер Мичали Хурин Мұрат Әуезовтің АҚШ-қа сапарын қаржыландыруға көмектескен. Ол Америкаға антиядролық қозғалыстың өкілетті өкілі ретінде барып, қоғам қайраткерлеріне, саясаткерлерге, басқа мемлекеттің прогрессивті азаматтық белсенділеріне қазақстандық бастама туралы мәлімдеген.

– Біздің идеяларды америкалықтар өте жақсы қабылдады. Есімде, мен Калифорниядан Невадаға кетіп бара жатқанда маған Сан-Францискодан қоңырау шалынып, кездесу ұсынылды. Олар үлкен пәтерде кездесу ұйымдастырды. Көптеген адамдар жиналды. Мен оларға жаттығу алаңы және Невада–Семей трагедиясы туралы айттым. Олар біздің идеяға

қызығушылық білдіріп, қолдай жөнелді. Содан кездесу соңында қол ұстасып ән айта бастадық. Бұл кездесу менің ең жарқын естеліктерімнің бірі болды, – деп жалғастырды Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері.

Мұрат Әуезов Америка Құрама Штаттарына сапары кезінде доктор Бернард Лоуннан шақыру алған. Ол 1985 жылы «Әлем дәрігерлері ядролық соғыстың алдын алу үшін» ұйымының атынан Нобель сыйлығын алды. Олар кездесіп, одан әрі ядролық қаруға қарсы қоғамдық белсенділіктің жолдарын белгіледі.

Көрнекті кардиолог ядролық қаруға қарсы бастаманы дұрыс қабылдап және қазақстандық белсенділерге қолдау білдірді. Осылайша Мұрат Әуезов шетелдік дәрігермен достық көпірін құрып, жалынды пікірлес тапқан болатын.

АҚШ-тағы саяхаттан кейін енді шетелдік қонақтар жағдайды өз көзімен көру үшін Қазақстанға, дәлірек айтқанда, Семей облысына келулері керек болды

– 1990 жылдың 6 тамызында полигон маңындағы Қарауыл ауылында үлкен халықаралық акция өткізгеніміз есімде. Оның қоюшы-режиссері – марқұм, жазушы, хореограф Дүйсенбек Нақыпов. Сценарий бойынша біз аймақ тұрғындарына қайғы мен ауру әкелетін «айдаһарды өлтіру» үшін отқа тас лақтырдық.

Бұл оқиға туралы хабарлар бүкіл әлемге таралды, оның ішінде Юрий Куйдиннің әйгілі фотосуреттері, Гүлжан Ерғалиеваның бейнесюжеттері де бар еді. Бұл әрекеттерге халықаралық журналистиканың көрнекті өкілдері, мысалы, Генрих Боровик қатысты. Дәл осы халықаралық оқиғалардан кейін қозғалыс жәй ғана дүниежүзілік емес, іс жүзінде планетарлық сипатқа ие болды. Өйткені, осы қозғалыстан кейін бүкіл әлемде ядролық қаруды сынауға мораторий жарияланды. Осы қозғалыстың арқасында әскери адамдармен, полигондағы ядролықармен кездесулер мүмкін болды.

Әскери адамдар ядролық зарядтың соңғы сынағы өткізілгенде жерасты жарылысынан шамамен 6 шақырым қашықтықта ғана жұмыс істеуге рұқсат етті. Осы жерде әскерилер жарылыстардың қауіпті болмайтынын айтты. Жер бүлік ете қалды, сонымен бәрі біткендей. Әскерилер айтқандай емес, Мұрат Әуезов аяқ астындағы жер айырылып, қақырап бара жатқандай болғанын айтады.

Бұл жарылыстар бүкіл аймақтағы тіршілік иелеріне, жер астынан адамға дейін өлім әкелді. Қозғалыс аясында біз полигон басшыларымен, ядролық ғалымдармен кездесулер ұйымдастырып, осы жарылыс орны Абай, Шәкәрім сынды озық ойлы, бірегей тұлғалардың туған жері екенінен хабардар ма екен деген сұрақтарға жауап іздедік.

Мәдениеттанушының айтуынша, «Невада–Семей» қозғалысы КСРО мен АҚШ-тағы ядролық сынақтардың тоқтатылуына және ядролық әлеуеттің қысқаруына ықпал етіп қана қоймай, Қазақстанның шет елдердегі нағыз елшісі болды. Қозғалыс көшбасшылары Қазақстанды, оның мәдениетін, географиясын, халықтың салт-дәстүрлерін әлемге жария етті.

«Невада–Семей» қозғалысы Қазақстан тәуелсіздігі тарихындағы маңызды оқиғаға айналғанына сенімдімін. Оған тарих және басқа да гуманитарлық және қоғамдық ғылымдар саласындағы мамандардың қызығушылығы одан ары жалғасып, ұрпақтан-ұрпаққа тарала бермек. Өйткені, онсыз ХХ ғасырда болған оқиғалардың толық бейнесін елестету мүмкін емес, – деп түйіндеді Мұрат Әуезов.

Айжан БҮРКІТБАЕВА.



АЛТЫ АЙДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма төрағасы – ректор Жансейіт Түймебаев «Алматы» телеарнасының тікелей эфирінде өткен «Басты назарда» бағдарламасына қатысып, бірқатар сұрақтарға жауап берді. Өңгіме барысында жетекші университеттің соңғы алты ай ішіндегі қол жеткізген жетістіктері, атқарылған шаруалар, жана оқу жылына дайындық, оқу ғимараттары мен жатақханаларға жүргізіліп жатқан кешенді жөндеу, студенттер мен оқытушыларға жасалған жағдай, пандемия кезіндегі оқу процесі және тағы басқа мәселелер талқыланды.

Еліміздің жетекші білім ордасында пандемия мен карантинге қарамастан, белсенді жұмыс жалғасуда: оқу үдерісі заманауи талаптарға сай жолға қойылған, ҚазҰУ-ды зерттеу университетіне трансформациялау жұмыстары атқарылуда. Соңғы жарты жылда университеттің тыныс-тіршілігінде айтарлықтай оң өзгерістер орын алды. Атап айтсақ, биылғы жылы ҚазҰУ-ға мемлекеттік грант алуға үміткерлер саны 3 еседей өсті. Магистратураға қабылданғандар саны – 1598 адам. Бұл көрсеткіш те өткен жылмен салыстырғанда, анағұрлым артық. Жалпы, білім ордасы биыл, шетелдік азаматтар мен докторантураны қоспағанда, 6440 студентті оқуға қабылдады. «Алтын белгі» иегерлерінің саны да көңіл қуантарлық, өткен жылы 508 үздік мектеп бітіруші, биыл 737 озат оқушы ҚазҰУ студенті атанды.

Университет жаңа оқу маусымына шетелдік серіктес университеттермен бірлесіп бакалавриат, магистратура және докторантура үшін 119 жаңа білім беру бағдарламасын әзірледі. Жаңа мамандықтар қазақстандық студенттер арасында ғана емес, шетелдік студенттер ішінде де үлкен сұранысқа ие. ҚазҰУ-дың шет елде филиалдарын ашу жұмыстары да жүргізілуде (Армения, Қырғызстан, Өзбекстан, Түркия). Бүгінгі сәтте университеттің 16 жатақханасының 14-і жөндеуден өтті, жеті факультет ғимаратына күрделі жөндеу жүргізілді. Екі жатақхана қыркүйек айының соңында пайдаланылуға беріледі.

Университет басшылығы оқытушылар мен қызметкерлердің жалақысын көтеру мәселесіне ерекше назар аударуда. Наурыз айында еңбекақы 20 пайызға өсті. Жаңа оқу жылында оқытушы – 200 000 теңге, аға оқытушы – 280 000 теңге, доцент – 330 000 теңге, профессор 500 000 теңге жалақы алады. Сонымен қатар, философия докторы (PhD), ғылым кандидаты, ғылым докторы ғылыми дәрежесі, біліктілік деңгейі үшін қосымша ақы төленеді. Бонустық төлемдер жылына екі рет беріледі.

Қазіргі уақытта 2021–2025 жылдарға арналған дамудың негізгі басымдықтары анықталды. ҚазҰУ ұжымы бүкіл ел және әлем бойынша университеттің одан әрі дамуының стратегиялық міндеттерін тиімді жүзеге асыруға ынталы.

Осы мезетте ҚазҰУ-да 533 ғылыми жоба жүзеге асырылуда. Университеттің тиімді жұмысының арқасында бизнестен және әртүрлі халықаралық көздерден инвестициялар тартылады, сондай-ақ серпінді зерттеулер мен технологиялардың нәтижелері пайдаланылады, университет ғалымдарының жетістіктерін әлемдік деңгейде талдау жұмыстары жүргізіледі.

Университет санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздікті сақтап қана қоймай, оқу ғимараттарында, жатақханаларда, кітапханада, университет ғимараттарында ЭСҚ қамтамасыз ету үшін барлық шаралар қабылдады. Жаңа оқу жылынан бастап кампустағы барлық оқу ғимараттары мен жатақханаларға кіру үшін QR кодтары орнатылған «Ashyq» жүйесі арқылы жүзеге асырылатын болады.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеуге арналған негізгі іс-шараларды қамтыған жоспарды бекітті. Олар «Отыз жылдыққа – отыз апталық» жол картасында нақты көрсетілген. Жоспарға сәйкес, университетте тәуелсіздік тарихына және Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан тарихындағы сіңірген еңбегіне арналған шаралар өтті. Кампуста Елбасы саябағы, Ғалымдар бағы, Ағаштар аллеясы ашылып, 1000-ға жуық көшет отырғызылды.

Университет ректоры студент жастардың спорттық өмірі, оқытушы-профессорлар құрамының әлеуметтік жағдайын жақсарту, жас мамандарға көңіл бөлу, т.б. жоспарларымен бөлісті.

А.НӘЛДІБЕКОВА.



«ҚАЗАҚСТАНДА ӘРКІМ МАҢЫЗДЫ!»

1 қыркүйекте елімізде халық санағы басталады

«Almaty aqshamy» бұған дейін хабарлағандай, биылғы халық санағының ұраны – «Қазақстанда әркім маңызды!». 2021 жылғы ұлттық санақтың басты жаңалығы – оны өткізу процесі автоматтандырылған және оған заманауи сандық технологиялар пайдаланылмақ.

Азаматтарымызға сауалнама парақтарын онлайн-режимде өз бетінше толтыру немесе үй-үйді аралау кезінде офлайн толтыру мүмкіндіктері ұсынылып отыр. Енді үш-төрт күннен кейін көптен айтылып та, жазылып та келе жатқан, мемлекет үшін маңызы зор жаппай есеп науқаны басталатындықтан санаққа байланысты қажетті деректермен оқырмандарымызды және бір қанықтыруды жөн көрдік.

РЕСМИ ДӘЙЕКТЕМЕ:

Халық санағы – белгілі бір уақыт кезіндегі жағдай бойынша респонденттерді сипаттайтын демографиялық, экономикалық және әлеуметтік деректерді жинау (респонденттерге жаппай сауал салу арқылы), өңдеу және алынған ақпаратты, статистикалық көрсеткіштер жүйесін және олардың талдауын қалыптастыру, халық туралы агрегатталған (иесіздендірілген жиынтық) деректерді бағалау және тарату процесін қамтитын арнайы ұйымдастырылған статистикалық байқау.

БҰҰ еуропалық статистиктер конференциясының ұсынымдарына сәйкес «Халық санағы» «барлық халықтың әлеуметтік және демографиялық сипаттамаларының жиынтығы бойынша ақпаратпен қатар елдің аумағында және оның ең кіші географиялық бірліктерінде тұратын халық санын уақыттың тұрақты интервалы арқылы ресми есепке алуды (немесе бақылап салғастыруды) жүргізуге мүмкіндік беретін іс-шара» ретінде айқындалады.



ХАЛЫҚ САНАҒЫ
2021
ПЕРЕПИСЬ НАСЕЛЕНИЯ

Сонымен, 1 қыркүйектен бастап sanaq.gov.kz арнайы сайты жұмысын бастайды. Мұнда қазақстандықтар 15 қазанға дейін онлайн-режимде санаққа қатысты барлық сұрақтарға тікелей жауап бере алады. Сайтқа кіру тәулік бойы қамтамасыз етіледі. Азаматтар тұрғылықты жеріне қарамастан, виртуалды көмекшінің көмегімен санақты өздері және отбасы мүшелері үшін сауалнамалар толтыру арқылы дербес аяқтай алады. Санақ жүргізу кезеңінде еліміздің барлық аумағында ұялы және стационарлық телефондарға арналған тегін бірін-ғай «1446» call-орталығы жұмыс істейтін болады. Сондай-ақ, 8 8000 800 878 нөміріне де хабарласу мүмкіндігі бар.

Ал дәстүрлі үздіксіз санақ онлайн-санақтан өтпеген азаматтарды қамту үшін қажетті санитарлық нормаларды сақтай отырып, 2021 жылдың 1 қазанынан 30 қазанына дейін жүргізілетін болады. Осы аралықта интервьюерлер үй-үйді аралайды.

Бұл кезеңнің де өз жаңашылдығын айта кеткен жөн. Интервьюерлер (сұхбатшылар) үй аралау кезінде электронды планшеттерді пайдаланады. Бұл санақ жүргізетін қызметкерлердің еңбек шығынын төмендетуге, мәліметтер сапасына адам факторының ықпалын азайтуға, санақ мәліметтерінің нақтылық деңгейін арттыруға, қағаз бен кеңселік құралдарды айтарлықтай үнемдеуге, сондай-ақ, интервьюерлер үшін жұмыстың қолайлылығы мен жинақылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Тұрғындардың мәліметтері планшеттерге енгізіледі. Онлайн және планшет арқылы сауалнама жүргізу үшін арнайы электронды санақ парақтары әзірленгенін айта кету керек. Онда әр азаматтың баспана жағдайы сипатталады, сонымен қатар, этномәдени сипаттамалар, білім және сауаттылық, көші-қон, неке жағдайы, туу, жұмыспен қамтылуы, күнкөріс көзі және тыныс-тіршілігінің шектелуі туралы жаңа сұрақтар енгізілген.

Санақ кезінде мәліметтер жинау үшін сәйкестендіргіш ақпарат ретінде сауалнамаға қатысушының ЖСН-і қолданылады. Бұл шаралар:

- деректер факторына адам факторының әсерін барынша азайтады;
- ЖСН қолдану арқылы сенімділік деңгейін жоғарылатады;
- ақпараттың қайталануына жол бермейді.

Арнайы мобилді қосымшаның көмегімен интервьюер барлық кіріктірілген арифметикалық және логикалық бақылауды ескере отырып сауалнама жүргізе алады, жіктеуіштер мен анықтамалықтарды қолдана алады. Алынған мәліметтер тікелей ортақ дереккөзге жіберіледі.

Санақ науқаны аяқталған соң интервьюерлер пайдаланған электронды планшеттер тиісті аймақтардағы мектептерге беріледі. Бізде бар мәліметтерге сәйкес, халық санағына арнайы қытайлық KOUZONE MTK6592 маркалы 27 412 планшеттік компьютер сатып алынған. Біреуінің құны – 39 000

теңге шамасында, жалпы 1 миллиард 085,6 миллион теңге жұмсалған.

Еліміз үшін бұл – Тәуелсіздік алғаннан бері үшінші халық санағы. Қазақстанда кейінгі халық санақтары 1999 және 2009 жылдары өткізілді. 1999 жылғы санақтың қорытындысы бойынша, қазақстандықтардың саны – 14 981 281 адамды, ал 2009 жылғы өткізілген санақ нәтижесі 16 009 597 адамды құрады.

Президент жанындағы реформалар жөніндегі Жоғарғы кеңестің шешімі бойынша кезекті ұлттық санақ ағымдағы 2021 жылы өткізіледі. Онда:

Халық санағының қорытындылары жалпы ел бойынша, қалалық және ауылдық жерде және өңірлік бөліністе жынысы мен жасы, неке жағдайы, ұлттық құрамы, азаматтығы, ұстанатын діні, білім деңгейі, тілдерді меңгеруі, үй шаруашылықтарының (және отбасылардың) саны мен көлемі, тұрғын үй жағдайлары және басқа да сапалық және сандық белгілері бойынша халық санының құрылымындағы өзгерістер сияқты халықтың демографиялық және әлеуметтік-экономикалық дамуында өткен 10 жыл ішіндегі Қазақстан Республикасында болған экономикалық, демографиялық және әлеуметтік өзгерістерді көрсетеді. Санақ нәтижелері үй шаруашылықтарының жағдайларын, некелік-отбасылық қатынастарды жақсарту, мүмкіндігі шектеулі адамдардың өмірін, халықтың тұрғын үй жағдайларын жақсарту бойынша мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеу үшін, сонымен қатар білім, жұмыспен қамту, туу және көші-қон мәселелері бойынша шешімдерді қабылдау үшін қажет.

- халықтың нақты саны;
- жас құрамы;
- жыныстық құрамы;
- урбанизация дәрежесі;
- тексерілген, негізделген басқарушылық шешімдер қабылдау үшін қажетті басқа да ақпараттар қамтылады.

2021 жылдың желтоқсанында халықтың жалпы саны бойынша жедел деректер дайындалатын болады. 2022 жылы алдын ала қорытындылар жарияланады, ал 2023 жылы халық санағының соңғы қорытындысы шығарылады.

Қазіргідей індетпен күрес, карантиндік шаралар кезеңінде үй-үйді аралау арқылы халық санағы қалай жүргізілмек?

Індеттің таралу қаупін азайту мақсатында азаматтарға sanaq.gov.kz сайты арқылы санаққа қатысу ұсынылады. Отандастарымыз санақтың осы әдісінің артықшылықтарын түсінгендері абзал. Індетке қарсы күрес амалы ретінде интернет-сауалнамаға жауап беру арқылы санақ науқанына қатысу – бірден-бір қауіпсіздік кепілі екені даусыз. Сондай-ақ, санақта учаскелерді аралау кезінде интервьюерлер медициналық бетперделер мен қолғаптарды, антисептиктерді қолдану сияқты барлық сақтық шараларын сақтайды.

Санақта қанша сауал бар және сұрақтар сипаты қандай?

Қазақстандықтар санақ аясында жалпы саны 87 сұраққа жауап береді.

Респондентке барлығы 67 сұрақ және оған қосымша 20 нақтылаушы сұрақ қойылады.

2021 жылдың санағында көші-қон, еңбекпен қамту, неке жағдайы, бала туу және тіл білуі бойынша сұрақтар аясы кеңейтілді. Үй шаруашылығының әрбір мүшесіне толтырылатын 3-И жеке санақ парағында 38 сауал бар, 9 бөлімнен тұрады.

Сұрақтар жалпы және этномәдени сипаттамалары, білім және сауаттылық деңгейі, көші-қон, неке жағдайы, бала туу (өйелдер үшін), жұмыспен қамту, өмір сүру көздері, тіршілік әрекетінің шектеулері бойынша қойылады.

Санақтың барлық деректерінің құпиялығы қатаң сақталады!

Респонденттердің жеке деректері қалай қорғалады деген сауалға келсек, мәліметтердің құпиялығы заңнамамен кепілдендіріледі.


Азаматтардың барлық деректері қорғалады және қатаң түрде құпия сақталады. Ақпараттық қауіпсіздік саясаты талаптарына орай, санақ аясындағы барлық қызметкерлер де,

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Еліміздегі демографиялық ахуал

(2021 жылғы қаңтар-маусымдағы дерек)

2021 жылғы 1 шілдеге еліміздегі халық саны 19009,6 мың адамды құрады. Оның ішінде қалалықтар – 11256,5 мың (59,2%), ауылдықтар – 7753,1 мың адам (40,8%). 2020 жылғы 1 шілдемен салыстырғанда халық саны 249,5 мың адамға немесе 1,3% өсті.



БІЗДІҢ ДӘЙЕКТЕМЕ:

Мемлекеттің дамуының, халқының өсу динамикасын, тұрмыс-тіршілігін, экономикалық-әлеуметтік ахуалын бағамдауға бағытталған осынау ауқымды шараның маңызы зор. Санақ арқылы әр мемлекет өз келешегін бағдарлайды. Ресми мәліметтерге сәйкес, Қазақстан заңнамасы мен халықаралық ұсыныстарға орай, халық санағы кемінде он жылда бір рет өткізіледі. Бұл халық санағын жүргізу мерзімдерінің кезекті әлемдік раундтармен салыстырмалылығын қамтамасыз ету үшін жасалады. Сондықтан да еліміз әлемдік санақ үрдістерінен қалып қоймай, өзінің мәдени миссиясын толық орындауы тиіс. Жалпы, санақ маңызды сарап-

тамалық мәлімет алуға мүмкіндік береді. Халықтың нақты саны, жасы, гендерлік құрамы, урбанизация деңгейі, халық табысы айқындалады. Мұндай соңғы науқан 2009 жылы жүргізілген болатын. Келесі науқан 2019 жылға белгіленген еді. Алайда, санақты дайындау мен өткізуге байланысты бірқатар ұйымдастырушылық мәселелерді ескере отырып, оны 2020 жылы өткізу туралы шешім қабылданды. Ал әлемді жайлаған коронавирус-тық инфекцияның біздің елімізде де таралуына орай және енгізілген карантиндік шектеулерге байланысты санақ мерзімі 2021 жылға шегеру туралы шешім шығарылды.



оның ішінде уақытша жұмыс істейтін қызметкерлер де құпиялылықты сақтау туралы келісім-шартқа қол қояды. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес барлық алғашқы статистикалық деректер құпия болып есептеледі және оны мемлекеттік статистика органдары тек статистикалық ақпарат жасақтау мақсатында пайдаланады. Мемлекеттік статистика органдары алғашқы статистикалық деректерді жинау, өңдеу және сақтау барысында барлық мәліметтердің құпиялылығын қамтамасыз етеді. Олардың қызметкерлерінің алғашқы статистикалық деректерді жоғалтқаны, сатқаны, бергені және өзге де заңсыз жария еткені үшін заң жүзінде жауапкершілік көзделген.

Санақ персоналы жұмыс барысында пайдаланатын планшеттік құрылғылардан деректерді серверге беру кезінде де халық санағының деректерін қорғау қатаң қамтамасыз етіледі.

Санақ кезінде кімдер есепке алынады?

- Азаматтарды есепке алу кезінде елдегі тұрғылықты жерінде жүрген Қазақстан азаматтары, шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар;
- Шет елде жүрген қазақстандық дипломаттар, ұзақ мерзімді қызметтік іссапарға байланысты 12 ай және одан көп уақыт шет елде жүрген Қазақстан азаматтары (олармен бірге жүрген отбасы мүшелерін қоса есептегенде);
- Қазақстанда тұрақты тұратын, бірақ 12 айдан аз мерзімге қызметтік іссапарға, келісім-шарт бойынша жұмысқа, оқуға шет елге уақытша кеткен адамдар («Болашақ» бағдарламасы және студенттермен алмасу бағдарламалары бойынша оқитындарды қоса есептегенде);

• Қазақстанда тұрақты тұратын және шет елге уақытша демалуға, емделуге, туыстарына немесе таныстарына қонаққа кеткен адамдар;

• Қазақстанда тұрақты тұратын, халықты есепке алу сәтінде теңізде жүрген отандық балық аулау және сауда кемелеріндегі теңізшілер;

• Тіркеу құжаттарын рәсімдеп үлгермегендер немесе тұрғылықты тұруға ықтиярхат алмағандарды қоса, шет елден Қазақстанға тұрғылықты тұруға немесе пана іздеп келген Қазақстан азаматтары, шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар;

• 12 айдан көп мерзімге шет елден Қазақстанға жұмысқа немесе оқуға келген қазақстандықтар, шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар;

• Тұрақты тұратын жері басқа елде, бірақ халықты есепке алу сәтінде Қазақстан аумағында уақытша (12 айдан аз) жүрген шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар және Қазақстан азаматтары.

Санақ кезінде кімдер есепке алынбайды?

- Шет елде тұрақты тұратын Қазақстан азаматтары;
- «Болашақ» бағдарламасы және студенттермен алмасу бағдарламалары бойынша оқитын студенттерді (магистранттарды) қоспағанда, 12 ай және одан көп уақытқа шет елге жұмысқа немесе оқуға кеткен Қазақстан азаматтары;
- Өз мемлекетінің дипломатиялық және басқа өкілдіктерінде жұмыс істейтін шет ел азаматтары, шетелдік әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелері;
- Қазақстан аумағындағы халықаралық ұйымдардың өкілдіктерінде жұмыс істейтін шет ел азаматтары;
- Өз мемлекетінің үкіметтік немесе өзге де делегацияларының және заңды органдарының мүшелері болып табылатын шет ел азаматтары.

ҚАЛАЛЫҚТАР НАЗАРЫНА!

Интервьюерде (сұхбатшыда):

- мөрмен расталған тиісті куәлік;

- аралайтын нысандардың тізімі бар мобильді қосымшалы планшет;
- Ұлттық халық санағының символикасы бар көк түсті шарф пен портфель болады.

Сұхбатшы туралы қосымша ақпаратты sanaq.gov.kz сайтынан қарауға болады. Онда сұхбатшының тегі, аты, әкесінің аты және оның куәлігінің нөмірі көрсетілген тізім республика бойынша орналас-тырылған. Сонымен қатар, мобильді және стационар телефондары үшін бірыңғай нөмірі 1446 және 8 8000 800 878 call-орталығына қоңырау шалу арқылы ақпарат алуға болады.

КЕРЕК ДЕРЕК

Халық санағы онлайн да, офлайн да жүреді

Биылғы науқанның басты ерекшелігі – санақ онлайн да, офлайн да форматта ұйымдастырылмақ.

Мобильді және стационар телефондары үшін бірыңғай нөмірі 1446 және 8 8000 800 878 call-орталығына қоңырау шалу арқылы ақпарат алуға болады. Call-орталыққа қоңырау шалу – тегін.

Респонденттер арыз-сауал жолдау немесе кеңес алу үшін бюронның <http://stat.gov.kz> интернет-ресурсына жүгіне алады.

Санаққа онлайн-режимде қатысу 1 қыркүйек – 15 қазан аралығында sanaq.gov.kz сайтында жүргізіледі. Жүйе тәулігіне 24 сағат бойы қолжетімді.


Санаққа офлайн қатысу 1–30 қазан аралығында өткізіледі.

Санақтан онлайн-режимде өтпеген респонденттердің үйлеріне интервьюерлер барады. Олар сұрақтардың жауабын планшеттерге енгізеді.

Сонымен бірге, eGov.kz электронды Үкімет платформасында sanaq.gov.kz сайтының қосымша парағы болады. Онда электронды цифрлы қолтаңба (ЭЦҚ) арқылы санаққа қатысуға болады.

Қазақстандықтар санақ науқаны басталғанда ЖСН нөмірі мен жеке деректерін ғаламтор арқылы санақ жүргізілетін сайтқа тіркеуі керек. Жеке деректеріңізді sanaq.gov.kz сайтына тіркейсіз. Содан кейін онлайн түрде қойылған сауалдарға жауап бересіз. Әр азаматтың жеке деректері планшеттерге енгізіліп, ақпарат онлайн түрде sanaq.gov.kz сайтына жіберіледі. Бұл арнайы сайт 1 қыркүйекте іске қосылатынын тағы бір мәрте естеріңізге саламыз! Ал интернет жүйесіне қосылмаған ауыл-аймақ тұрғындарын, шалғай елдімекендердегі тұрғындар саны мен олар туралы барлық деректерді санақшылар дәстүрлі әдіс арқылы, үй-үйді аралап жүріп анықтамақ. Азаматтардың деректері санақ жүргізушінің қолындағы планшеттік компьютерге толтырылады.

Тіркелген және жұмыс істейтін заңды тұлғалар аудандар бойынша



Алматы қаласы бойынша тіркелген заңды тұлғалар саны (2021 жылғы 1 тамыздағы дерек)

2021 жылғы 1 тамызда Алматы қаласы бойынша 130115 заңды тұлға тіркелген. Ең көп тіркелген заңды тұлғалардың саны көтерме және бөлшек саудада (автомобильдер мен мотоциклдерді жөндеуді қоса алғанда) сақталған, олардың үлесі 33,5%-ды құрады. Екінші орында – көрсетілетін қызметтердің өзге де түрлерін

ұсыну (12,5%), үшінші орында – кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет (9,5%). Осы үш қызмет түрлерінің жиынтық үлесі барлық тіркелген заңды тұлғалардың 55,5%-ын құрайды. Жұмыс істейтін заңды тұлғалардың саны тіркелген заңды тұлғалар санының 65,8%-ын құрайды.

ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

Интервьюер атрибуттары

• Халық санағының символикасы бар көк түсті шарф беріледі.

• ҚР аумағында халық санағын өткізу кезеңінде санақ персоналына куәлік (бейжі үшін қосымша бет) беріледі.

• Куәлікте интервьюердің немесе нұсқаушы-бақылаушының суреті болады, сонымен қатар мынадай деректемелер: тегі, аты, әкесінің аты, берілген күні және оның жарамдылық мерзімі, аумақтық статистика органының қолы мен мөрі көрсетіледі.

• Халық санағының символикасы бар көк түсті портфель беріледі.

Санақ сұхбатшысы (интервьюер) туралы қосымша ақпаратты sanaq.gov.kz сайтынан қарауға болады. Онда сұхбатшының тегі, аты, әкесінің аты және оның куәлігінің нөмірі көрсетілген тізім республика бойынша орналастырылған.



КЕРЕК ДЕРЕК

ОНЛАЙН САНАҚТЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ НЕДЕ?

■ Онлайн санақ кезеңінде sanaq.gov.kz сайты тәулік бойы жұмыс істейді. Респондент санаққа қатысуға өзі үшін неғұрлым ыңғайлы уақытты тандай алады.

■ Сайтта бланкіні толтыруды тоқтата тұру және кейін жалғастыру мүмкіндігі бар. Бұл да респонденттер үшін қолайлы. Сонымен қатар, eGov.kz электрондық үкімет платформасында sanaq.gov.kz сайты кіші парағы арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен (ЭЦҚ) санақтан өтуге болады. Мобильді қосымшалар арқылы да санаққа қатысу мүмкіндігі қарастырылған. Азаматтар «Aitu» мобильдік қосымшасы арқылы ұлттық санақтан өте алады.

Дайындаған Т.ДЕРЫСАЛИН.

(Дереккөз: ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы).



ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМДЕР

5 пайызға
артадыӘсел
ДАҒЖАН

Еңбек ету қабілетінен және асыраушысынан айырылу бойынша әлеуметтік төлемдер 2022 жылдан бастап көбейтілетін болды.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі «2022 жылғы 1 қаңтардан бастап Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлемдердің мөлшерін арттыру туралы» ҚР Үкіметі қаулысының жобасын дайындады.

2022 жылғы 1 қаңтарға дейін тағайындалған еңбек ету қабілетін жоғалтқан және асыраушысынан айырылу жағдайларына Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлемдердің мөлшерін 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап алынатын әлеуметтік төлемдер мөлшерінің 5 пайызына арттыру жүргізілсін, — делінген құжатта.

Қаулыны 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізу жоспарлануда.

Құжат 13 қыркүйекке дейін «Ашық НҚА» сайтында жария талқылау үшін орналастырылған.

БРИФИНГ

ҚҰТҚАРУШЫЛАР
ЖАРАП ТҰРГүлжанат
СЕМБАЕВА

Биылғы суға шомылу маусымында құтқарушылар қалада 10 адамды (оның ішінде 4 баланы) құтқарды. Алматы қаласы Төтенше жағдайлар департаментінің Азаматтық қорғаныс басқармасының басшысы, подполковник Исхар Савазовтың айтуынша, мұндай жағдайлар көбінесе қауіпсіздік ережелерін елемеден болады. Сонымен қатар, температураның төмендеуіне байланысты суға шомылу аса қауіпті. Өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингінде Алматы қалалық ТЖД өкілі соңғы жылда 64 адам, оның ішінде 30 бала құтқарылғанын хабарлады.

«Адам ағзасының салқындауы суда жазатайым оқиғаларға, сіңірдің тартылуына әкелуі мүмкін», — дейді ТЖД Азаматтық қорғаныс басқармасының басшысы. Подполковник 23 тамызда Сайран көлінде болған оқиғаға тоқталды. Бұл күні құтқарушылар шомылу кезінде денесі құрысып, батып бара жатқан 14 жастағы жасөспірімді құтқарған.

И.Савазовтың айтуынша, құтқарушылар жергілікті полиция қызметкерлері, ҚР ҰҰ 5571 әскери бөлімнің, Қызыл Жарты Ай қоғамының, еріктілер ұйымының әскери қызметшілерімен бірлесіп, «Lider.kz» күн сайын су айдындарында бірлескен рейдтер өткізеді.

Подполковник балаларды қарусыз қалдырмау, су жанында қарусыз ойнауға жол бермеу, спирттік ішімдік ішпеу жайында айтып өтті. Сондай-ақ, құтқарушылар демалыс және мереке күндері күшейтілген режимде жұмыс істейді. Осы маусымда 800-ден астам бірлескен рейд өткізіліп, оның барысында «судағы қауіпсіздік» тақырыбына 7800-ден астам жазбалар таратылды. Осындай патрульдердің арқасында қоғамдық орында ішімдік ішкен 34 ереже бұзшы анықталды. Барлық тұлғалар ҚР ӨҚБТК-нің 440-бабы бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Айыппұлдардың жалпы сомасы 495 890 теңгені құрады.

Белгіленбеген орында суға түскені үшін 364-баппен «Ортақ су пайдалану ережелерін бұзу» бойынша 7 адам жауапқа тартылды. Тәртіп бұзушыларға қатысты ескерту шарасы қолданылды», — деді И.Савазов.

Төтенше жағдайлар министрлігінің подполковнигі қала тұрғындары мен қонақтарын қалқандар мен қоршаулар белгісінің артында жағадан алыс жүзбеуге, рұқсат етілген жерде ғана шомылуға шақырды.

29 ТАМЫЗ – ЯДРОЛЫҚ СЫНАҚТАРҒА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КҮНІ

Сабырхан СМАҒҰЛОВ,

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Қазақстан тарихы кафедрасының оқытушысы:

СЕМЕЙ ПОЛИГОНЫНЫҢ ЖАБЫЛУЫ –
ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЕТІСТІГІ

Бұл – еліміз үшін де, бүкіл әлем үшін де тағдыршешті күн!

Кеңес Одағы ыдырап, Қазақстан Республикасы саяси сахнаға шыққанда әлемдегі ең маңызды және бұрын-соңды болмаған оқиғалардың бірі болды: Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен Семей полигоны ресми түрде жабылды.

Мемлекетіміз биыл Тәуелсіздіктің 30 жылдығын тойлап жатқанын ескерсек, полигон жабылған күн – 1991 жылғы 29 тамыз – еліміз үшін өте маңызды күн! Және біз үшін ғана емес, бүкіл әлем үшін тағдыршешті сәт!

Әлемде ядролық сынақ жарылыстарының зардабын Қазақстаннан артық шеккен ел жоқ

Міне, осынау тарихи оқиғаға биыл отыз жыл толып отыр. Қазақ Елінің «ядролық мәселеге» байланысты таңдауы осылайша біржола шешілді. Қазақстан Президенті өз елінің ғана емес, сондай-ақ бүкіл адамзаттың тағдыры үшін өзіне жауапкершілік ала отырып, әлемдік деңгейдегі саясаткер ретінде танылды.

Семей полигоны – бұрын КСРО-дағы алғашқы және ірі ядролық полигон болатын. Одақ кезінде оның ресми атауы 2-ші Мемлекеттік орталық сынақ полигоны (2 МОСП) болды. Бұл жерде бұрын ең заманауи ядролық қару сақталған, сәйкесінше, бәрі құпиялылықтың ең жоғары дәрежесінде болған. Мұндай нысандардың саны әлемде барлығы 4-еу ғана еді. Әлемде ядролық сынақ жарылыстарының зардабын Қазақстаннан артық шеккен ел жоқ.

■ БІЗДІҢ ДӘЙЕКТЕМЕ:

- Семей полигонында ядролық қарудың алғашқы сынағы 1949 жылы 29 тамызда жүзеге асырылды.
- Мамандардың айтуынша, бомбаның қуаты 22 килотоннаны құраған.
- Семей ядролық полигонындағы сынақтардың жалпы саны 456 ядролық және термоядролық жарылысты құрады.
- Олардың 116-сы ашық болды, яғни жер бетінде немесе әуе кеңістігінде жасалды.
- Оның барлық қуаты Хиросимаға тасталған бомбадан 2,5 мың еседен де күштірек болды.

1989 жылы жазушы, ақын, қоғам қайраткері Олжас Сүлейменов Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың қолдауымен бүкіл әлем бойынша ядролық сынақтардың құрбандарын біріктірген Невада–Семей қозғалысын құрды. Ядролық қаруға қарсы қоғамдық қозғалыс үлкен рөл атқарды. 1991 жылы 29 тамызда Мемлекет басшысының Жарлығымен Семей ядролық полигоны жабылды. Мәскеу генералдары Нұрсұлтан Назарбаевтың әрекетіне наразылығын білдірді, тіпті қысым көрсетті, бірақ олар ештеңе істей алмады. КСРО ыдырады.

Ядролық қаруды таратпаудың жаһандық жаңа кезеңі

Семей полигонының жабылуымен ядролық қаруды таратпаудың және қарусызданудың жаһандық процесінің жаңа кезеңі басталды. Тәуелсіздіктің алғашқы күнінен бастап Қазақстан ұлттық және жалпы ядролық қауіпсіздік бағытын айнымастай ұстанды.

1992 жылы Қазақстан тәуелсіз мемлекет ретінде ядролық қаруды таратпау жөніндегі міндеттемелерін бекітетін Лиссабон хаттамасына қол қойды. Бұл саяси тұрғыдан алғанда әлемдік достық қатынастарды қолдау бағытында үлкен жетістік болды. Қазақстан ТМД аумағында алғашқылардың бірі болып Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қосылғанын атап өткен жөн.

Осылайша кеңестік ядролық қаруды мұраға алған ел алдындағы аса күрделі міндетті – бүкіл әлемнің мүддесіне сәйкес және ұлттық қауіпсіздікке ешқандай нұқсан келтірмей шеше алдық.

БҰҰ Бас Ассамблеясы Қазақстанның ядролық сынақтардан зардап шеккен аймақтарына көмек көрсету туралы қарар (1997 жыл) қабылдады. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасының арқасында ластанған аумақтарды қал-

КЕРЕК ДЕРЕК

• 1994 жылдың қазан-қараша айларында АҚШ Қазақстаннан (Өскеменнен) Америкаға 600 келі жоғары байытылған уранды алып кету жөніндегі «Жақұт» операциясын іске асырды.

• 1994 жылдың соңында ірі ядролық державалар Қазақстан үшін қауіпсіздік кепілдіктері туралы Меморандумға қол қойды. Бұл әлемдік қоғамдастықтың Қазақстанның өз міндеттемесін орындауын мойындайтынын және оған жауап есебінде қауіпсіздігі мен аумақтық тұтастығына кепілдік беретінін білдіретін.

• 1995 жылдан кейін біздің еліміз ядролық сынақтарға жаппай тыйым салу туралы шартқа қосылды.

• 1995 жылдың мамыр айының соңына қарай Қазақстан аймағындағы ядролық қару толық жойылды немесе әкетілді, баллистикалық зымырандардың шахтадағы қондырғылары жойылды.

• 2000 жылы ядролық сынақтардың соңғы ұңғымасы жойылды.

• 2009 жылдың 2 желтоқсанында біздің елдің бастамасымен БҰҰ Бас Ассамблеясы Семей полигоны жабылған күнді – 29 тамызды Ядролық сынақтарға қарсы іс-қимылдың халықаралық күні деп жариялады.



пына келтіру және полигонға жақын орналасқан елдімекендердің зардап шеккен тұрғындарына қолдау көрсету бағдарламасы әзірленді. Қазіргі уақытта ол табысты жұмыс істеуде.

Принципті ұстаным, жүйелі және шынайы қадамдар

2010 жылдың сәуір айында Қазақстанға келген БҰҰ Бас хатшысы Пан Ги Мун ел тұрғындарына және табиғатқа үлкен залалын тигізген Семей полигонын жабу Қазақстанға бүкіл әлемдегі ядролық қауіпті азайту мәселесінде бастама көтеруге ерекше моральдық құқық бергенін атап өтті. Сонымен қатар, Қазақстанның жаһандық қауіпсіздіктің нығаюына қосқан үлесін мойындап, ядролық қарудан азат әлемге қол жеткізу жөніндегі идеясын қолдады. Қазақстанның принципті ұстанымы, халықаралық аренадағы жүйелі және шынайы қадамдары Қазақстан Республикасының ядролық қауіпсіздік саласында ғаламдық бітімгерге айналғанын нықтай түсті.

2012 жылдың тамыз айында Астана қаласында өткен «Ядролық сынақтарға тыйым салудан – ядролық қарусыз әлемге» атты халықаралық конференцияда Қазақстанның бастамасымен – АТОМ («Abolish Testing Our Mission») – «Сынақтарды жою – біздің миссиямыз» жобасы ұсынылды. Жер бетіндегі ядролық қаруға қарсы кез келген адам әлем үкіметтерін ядролық сынақтардан біржолата бас тартуға шақырған онлайн-петицияға қол қойып, Ядролық сынақтарға жаппай тыйым салу туралы келісім-шарттың тезірек күшіне енуіне қол жеткізе алады. Бұл бастамаға жүзден астам елдің азаматтары үн қосты. Бұл ретте Қазақстан атомды бейбіт мақсатқа пайдаланудағы тең мүмкіндіктер жайындағы көзқарасын ашық айтты, күрделі мәселелерді шешуге нақты үлес қосты.

• 2015 жылдың тамыз айында Қазақстанда Аз байытылған ядролық отын (аз байытылған уран) банкін (МАГАТЭ) құру туралы келісімге қол қойылды. Бұл да аса маңызды оқиғалардың бірі еді. МАГАТЭ-ге АБУ (НОУ) Банкін орналастыруға мүмкіндік бере отырып, Қазақстан, біріншіден – ядролық қару таратпау режимінің нығаюына, екіншіден – ядролық отынды қауіпсіз пайдаланудың мүлдем жаңа тетігін жасауға өзінің кезекті үлесін қосты.

• 2015 жылы желтоқсан айында БҰҰ Бас Ассамблеясы ядролық қарудан азат әлемге жету туралы жалпыға бірдей Декларацияны мақұлдады. Бұл – 2010 жылы сәуір айында Вашингтонда өткен бірінші ядролық қауіпсіздік саммитінде өз сөзін қорытындылай келе, жария еткен ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың ұсынысы болатын. Қазақстан бұл мәселеде табандылықпен жұмыс істеп, нәтижесінде әлемнің ондаған мемлекеттерінің қолдауына ие болды. Бұл құжаттың бекітілуі – біздің елдің игілікті мақсатына – 2045 жылы БҰҰ-ның 100 жылдығына орай, ядролық қарудан азат бейбіт әлемге қол жеткізу ізгі ниетіне қолдау білдіргендерінің көрінісі еді.

Қазақстан – халықаралық антиядролық қозғалыстың
бүкіл әлем мойындаған көшбасшысы

Қазақстанның қауіпсіз әлемді қолдаудағы көпжылдық қызметі 2016 жылы наурыз айында Вашингтонда өткен ядролық қауіпсіздіктің төртінші саммитінде аталып, «Ядролық қаруды таратпаудағы халықаралық көшбасшылығы үшін» арнайы марапатына ие болды. Біздің ел – ядролық қауіпсіздік сферасындағы өзінің биік мәртебесін тағы да бір рет айқындады.

Елбасы болашақ туралы өзінің ойларын Ядролық қауіпсіздіктің төртінші саммитінің «Әлем. XXI ғасыр» манифесінде айқын және дәлелді түрде жария етті. Қазақстанның бітімгершілік бастамалары адамзаттың көз алдында жаһандық ядролық қауіпсіздіктің жаңа элементтеріне айналды. Қазақстан жаһандық биік мақсаттарға жүйелі түрде қадам басты: XXI ғасырда адамзат баласына өлім себетін ядролық арсеналдарға орын болмауы тиіс. Сондықтан да 2017-2018 жылдары БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіндегі Қазақстанның басым бағыты – жаһандық ядролық қауіпсіздікті ілгерілету болып табылуы заңды. Еліміз қолға алған бітімгершілік қадамдары Қазақстанның күрделі ядролық қарусыздану процесіндегі – ядролық қарудан азат әлем жолындағы көшбасшылық бағытының берік нығаюына ықпал етті.

Елбасының байыпты және жемісті халықаралық бастамаларымен еліміз тәуелсіздік жылдары биік халықаралық беделге ие болып, ғаламдық ядролық қарусыздану қозғалысының танымал көшбасшысына айналды, яғни Қазақстан – халықаралық антиядролық қозғалыстың бүкіл әлем мойындаған көшбасшысы болып табылады.



СІЗ ЕКПЕ АЛДЫҢЫЗ БА?

«МЕН ЕКПЕ АЛДЫМ!»

Мерейгүл АЙТҚАЛИ,
мұғалім:



– Қазіргі таңдағы әлемді жаулаған індеттің алдын алу шаралары қарқынды жүрде. Медицина саласы да аянбай ізденіс үстінде. Бүгін жергілікті медицина бөлімінде COVID-19 коронавирустық инфекциясына қарсы екпе салдырдым. Бұл бастамамы қолдаған жақындарым да жанымда болды. Күнделікті жұмысым ұстаздармен, мектеп қызметкерлерімен қатар, бүлдіршіндермен, балалармен өтеді. Жанымда жүрген әрбір адамзат атаулының саулығы мен үшін өте маңызды. Сонымен қатар, медицина саласына, қызметкерлеріне де сенімім зор.

Әлішер БАЙДӘУЛЕТ,
студент:



– Осыдан екі апта бұрын коронавирусқа қарсы екпенің екінші компонентін салдырдым. 50 жастағы анам да екпе салдырды. Бұл өте маңызды қадам екенін мен жақсы түсінемін. Мен үшін отбасымның аман-дығы мен жақындарымның қауіпсіздігінен қымбат ештеңе жоқ. Өзірге вирусты жұқтырғандардың саны көңіл көншітерлік емес. Бетперде режимі, нысандарды жүйелі түрде дезинфекциялау, әлеуметтік қашықтық тәрізді талаптар ұзақ уақыт бойы біздің серігіміз болмақ. Санитарлық талаптарды мүлтіксіз сақтау қажеттігіне тағы да назар аударғым келеді. Бұған бейжай қарауға болмас. Бұл індеттен құтылудың ең тиімді құралы – вакцинация деп ойлаймын. Тек вакцинация пандемиядан арылуға және калыпты өмір салтына оралуға көмектеседі.

Әзірлеген
Ақтоқын ТҰРЛЫҒАЗЫ.

ӘЛЕМ ЖӘНЕ ПАНДЕМИЯ

Коронавирусқа қарсы дәрі сыналуда

Бельгия елінде Лама ағзасындағы антиденелерге негізделген коронавирусқа қарсы дәрі клиникалық сынақтан өткізіле бастады. Бұған дейін аталған препарат тышқандар мен атжалмандарға тексерілген екен.

Ғалымдардың сөзіне сүйенсек, Лама вирус жұқтырған кезде оның ағзасында екі түрлі антидене пайда болады. Соның бірі тез арада иммунитет қалыптастыруға көмектеседі екен. Мұны зерттеу нәтижесі де дәлелдеген. Десе де, оның әсері көпке созылмайтын көрінеді. Сондықтан бұл дәрі вакцинаны түбегейлі алмастыра алмайды дейді мамандар.

Екпе санын арттыратын құрылғы

Таиландта зерттеушілер коронавирусқа қарсы вакцина дозасын көбейтетін құрылғы ойлап тапты. Құрылғы құтыдағы препаратты ысырап қылмайды. Соның арқасында екпе санын 20 пайызға арттыруға мүмкіндік туған. Десе де, әлгі аппарат әзірге тек біреу әрі тек Astra-Zeneca вакцинасымен ғана жұмыс істейді. Сондықтан мамандар көп ұзамай Pfizer мен Moderna препараттарына арналған техниканы да жасап шығармақ. Бірақ ол үшін мемлекет тарапынан қолдау керек екен.

– Вакцинаны 20 пайызға арттыру дегеніміз былай. Мәселен, бізде бір миллион адамға жетерлік препарат бар делік. Аталған құрылғының көмегімен біз доза санын 1 миллион 200 мың адамға жететіндей ете аламыз. Бір жағынан, ол медицина қызметкерлері жұмысын да жеңілдететін түседі. Өйткені, дәл қазір олардың жұмысы өте қауыр, – деді мамандар.

Ковидті жойып жібере алады

Өзбекстандық өнертапқыш коронавирусты жойып жіберетін қондырғы ойлап тапты. Аталған құрылғы COVID-19-дың кез келген штамын бірнеше секундта өлтіре алады. Оны жасап шығаруға 1,5 жыл уақыт кеткен.

– Бұл – биоинженерлік қондырғы. Өзбекстан аумағында кең тараған. Біз бұл аппаратты соңғы 1,5 жылдың ішінде жасап шығарып, бірнеше зертханада сынақтан өткіздік. Коронавирустың кез келген штамын ауа кеңістігінде де, сұйық күйінде де 100 пайыз жоя алатындай жетістікке жеттік. Бұл қондырғы арнайы электрондар бөледі. Кейін олар вирусты қоршап, РНК-сын жеп қояды, – деп түсіндірді Олимжон Юсупов.

Қондырғы қауіпті вирус тараған бір емес, бірнеше жерде сыналған. Тіпті, коронавирус жұқтырып, ауруханада ем қабылдап жатқан науқастардың палаталарына да қойылған. Нәтижесінде адамдардың 3 күннің ішінде сауығып кетуіне септігін тигізді дейді дәрігерлер. Пайдасына сенген өзбектер қондырғыны көптеген зертханалары мен мекемелеріне орнатқан. Бірақ тың аппарат әлі халықаралық дәрежеде сыналып, дәлелденбеген.

Әзірлеген Айкерім РАЙЫСҚЫЗЫ.

ҚАУЛЫ

МЕКТЕПТЕРДЕ КАРАНТИН ТАЛАБЫ ҚАЛАЙ САҚТАЛАДЫ?



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Алматы қаласының мемлекеттік бас санитар-дәрігері Жандарбек Бекшиннің жаңа қаулысы шықты. «2021-2022 оқу жылында барлық меншік нысанындағы және ведомстволық бағыныстағы білім беру ұйымдарында штаттық форматта оқуға рұқсат етілсін», – деп жазылған қаулыда.

«Барлық меншік нысанындағы және ведомстволық бағыныстағы білім беру ұйымдарының басшыларына жаңа оқу жылында мынадай сақтық шараларын ұйымдастыру жүктелген:

– ҚР Бас санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 29 тамыздағы №36 қаулысының 1,2 және 3-қосымшаларындағы талаптарында көзделген санитариялық-эпидемияға қарсы іс-шараларды сақтауды;

– педагогтер мен персоналдың 100% вакциналануы (тұрақты медициналық қарсы көрсетілімдері бар адамдарды, COVID-19 ауырып сауыққан адамдарды сауыққаннан кейін 3 ай ішінде қоспағанда);

– ұйымға кірер кезде «Ashyq» қосымшасын енгізу (педагогтерді, персоналды, ата-аналарды (заңды өкілдерді), 18 және одан жоғары жастағы білім алатын келушілерді QR-код (check-in) бойынша тіркеу);

– бетперде режимін сақтау; – рециркуляторлардың, санитаризерлердің, тері антисептиктерінің, дезинфекциялау және жуу құралдарының жеткілікті санымен қамтамасыз ету;

– үй-жайларды жинау және дезинфекциялау жиілігін арттыру;

– үй-жайларды ылғалды жинау және дезинфекциялау, үй-жайлардың ауасын желдету және зарарсыздандыру режиміне қойылатын талаптарды сақтау;

– педагогтердің, персоналдың және білім алушылардың күнделікті «кіру»

сүзгісі (байланыссыз термометрмен термометрия);

– бұқаралық іс-шараларды өткізуге тыйым салу (мәдени, тәрбие, сыныптан тыс және ата-аналар жиналыстары және т.б.);

– мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарында топтар мен сыныптарды біріктіре отырып іс-шаралар өткізуге тыйым салу;

– зертханалық, практикалық сабақтарды қоспағанда, кабинеттік оқыту жүйесін болдырмау;

– бастауыш, орта және жоғары сынып оқушыларын бөлек ұстау (сабақтың басталу уақыты бойынша ең жоғары мүмкіндікті ескере отырып) жағдайларында оқыту;

– асханадағы ауа рециркуляторларының қондырғыларымен қамтамасыз ете отырып, тамактануды ұйымдастырудағы бақылауды күшейтуді тапсырамын», – деп атап өтілген қаулыда.

МАМАН ПІКІРІ

90 жаста вакцина салдырды



Медицина ғылымының докторы Төрегелді Шарманов коронавирусқа қарсы вакцина-ның алғашқы дозасын салдырды.

Бұл туралы ғалым Алмаз Шарман Facebook-парақшасында жариялады. Ол Төрегелді Шармановтың Sinopharm шығарған «Vero Cell» вакцинасын салғызғанын жазды. «Бүгінде бүкіл әлемді қауіпті инфекция жаулап алды. Бұл – коронавирус. Аталмыш қауіпті инфекцияның бір ғана жолы бар. Бұл – вакцинация. Мен жылдар бойы өзіме осындай қауіп төндіріп келдім. Вакцинация тек өзін ғана

емес, сонымен қатар туыстар мен достарды қорғау екеніне сенімдімін», – деді академик.

Сондай-ақ, ғалым қазақстандықтарға вакцина туралы жалған жаңалықтарға сенбеу керектігін ескертті. «Қазір вакцина қауіпті деген жалған ақпарат тарады. Вакцина – жалғыз қорғаныс әдісі және отбасы мен достар арасында қалудың жалғыз жолы. Маған ештеңе болған жоқ, мен сенімдімін және вакцина алғанымға қуаныштымын», – деді ғалым.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

АҢЫЗ ЖӘНЕ АҚИҚАТ

5G чипі осылай жұмыс істей ме?

«Желі қолданушылары таз адамның басына шеңбер түрінде таралған ерекше толқындар көрсетілген қысқа бейнені жарыса таратуда. Қастандық теориясын жақтаушылар вакциналау нәтижесінде миға енгізілген 5G чипі нақ осылай жұмыс істейді дейді. Бұл – фейк», – деп хабарлайды Stop-fake.kz.

Бейнеролик жақында шыққанына қарамастан, көп аудиторияға тарап үлгерді. Десе де, мамандар оны әзіл үшін жасалған деп тапты. Роликте адам миының 5G сигналын қабылдағаны көрсетілгені де ойдан шығарылған. Видео кейіпкерінің басына жапырақ пен коқыс тазартуға көмектесетін құрылғы – бақша желдеткішінен жел соғып тұрған секілді. Мұндай құрылғыларда дөңгелек саңылаулар болады, бейнедегі ер адамның терісіндегі

дөңгелек толқындарды осылай түсіндіруге болады. Ауа үрлегіштер ауаны сағатына 400 шақырымнан астам жылдамдықпен үрлей алады, бұл роликте көрсетілген әсерді қалыптастыру үшін жеткілікті. Желде 300 км/сағ жылдамдықпен жел соқса, адамның бет-әлпетіне не болатыны туралы бейнемысалдарды табуға болады.

Бұл ретте адамдардың бет-әлпетінен қазақстандықтар таратқан роликте көрсетілгендерге ұқсас толқындар анық көрінеді. Осындай толқындарды таз бастың терісінен де көруге болады. YouTube-те адамдар бақша ауа үрлегіштерін өздеріне бағыттаған видеолар көп. Күшті ауа ағыны олардың терісінде «толқындар» түзеді, егер бейнені баяулатсаңыз, олар айқын көрінеді. Бұл техниканы, мысалы, GIF-мем жасаушылар қолданады. Вакциналардағы 5G



сигналдарын қабылдай алатын чиптер туралы теория – конспирологиялық. Ол расталған жоқ және бірнеше рет теріске шығарылды. Біріншіден, вакциналардың құрамында қандай да бір сигналдарды қабылдайтын немесе тарата алатын чиптер немесе басқа гаджеттер жоқ.

Әзірлеген
А.НӘЛДІБЕКОВА.

МОНИТОРИНГ

Тойды тоқтатты



Гүлжанат
МАРАТҚЫЗЫ

Мейрамханаларда, кафелерде, дүкендерде, сұлулық салондарында, автосалондарда және компьютерлік клубтарда түнгі тексеру жүргізілді. Мониторинг топ өкілдері қызметкерлерге карантин талаптарын түсіндірді.

25 тамызда қаланың Наурызбай ауданындағы «Самир» мейрамханасында тексерушілер көп қонақ шақырылған тойды тоқтатты. Бұл факт бойынша материал жиналды және үйлену тойын ұйымдастырушылар жауапқа тартылады.

1 қаңтардан 25 тамызға дейінгі аралықта жүргізілген тексерулер 36 228 объектіні қамтыды, карантиндік шараларды бұзған

3390 объекті анықталды. 5457 хаттама жасалды, оның ішінде заңды тұлғаларға шамамен 199 млн. теңгеге 565 хаттама толтырылды. Жеке тұлғаларға қатысты бетперде режимін бұзғаны үшін шамамен 215 млн. теңгені құрайтын 4892 хаттама жасалды.

Карантин ережелерін жүйелі түрде бұзғаны үшін мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соттарға 75 іс жіберілді, 65 іс бойынша қызметті тоқтату туралы шешімдер қабылданды. Қазіргі уақытта Алматы қаласының соттары тұрақты тәртіп бұзушыларға қатысты 8 істі қарауда.

Қала әкімдігі азаматтарды карантиндік шектеулерді сақтауға, рұқсат етілген жұмыс кестесінен тыс ойын-

сауық мекемелеріне бармауға және бетперде режимін ұстануға шақырады.

Айта кетерлігі, Алматыда коронавирусқа байланысты жағдай шиеленісіп тұр. 26 тамызда КВИ инфекциясының 1561 жаңа жағдайы тіркелді. Инфекциялық стационарларда 5765 адам бар, оның 166-сы балалар. Реанимация бөлімінде 469 науқас жатыр, 26 адам ӨЖЖ аппаратына, 196 адам инвазивті емес ӨЖЖ аппаратына, 216 науқас High flow аппаратына қосылған.

Бүгінде 12 868 науқас үйде АМСК пен Телемедицина орталығының мобильді топтарының бақылауында.



КӘСІПКЕРЛІК

НАҚТЫ ҚОЛДАУ БАР!

Алматы қашан да ірі агломерация, шағын және орта бизнестің қазаны қайнап тұрған іскерлер қаласы. Алайда, 2019 жылы бүкіл әлемді жайлаған коронавирус пандемиясы оңтүстік астананың кәсіпкерлік әлеуетіне нұқсан келтіргенін де жасыра алмаймыз. Осы тұрғыда мемлекет зардап шеккен бизнес нысандарын құрдымнан сақтап қалуды мақсат тұтты. Мысалы, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» кәсіпкерлерге несие беру ережелерін жеңілдетіп, бизнестің барлық субъектілеріне қолушын беруде. Бұған аталмыш қордың Алматы қаласы бойынша филиалы ұйымдастырған баспасөз туры аясында көз жеткіздік.

Динара
МҰРАТ

Алдымен «Даму» қорының өңірлік филиалында «Алматы қаласында шағын және орта бизнесті мемлекеттік қолдау бағдарламаларын жүзеге асыру шаралары» атты баспасөз мәслихаты өтті. Онда филиал директорының орынбасары Жомарт Бегмағанбетұлы қордың алматылық кәсіпкерлерді қолдау нәтижелерін баяндады. Қолдау бағдарламасы 3 толқынмен жүргізіліп, несие берілетін салалардың саны артқан.

«2020 жылы пандемия кезінде зардап шеккен бизнес нысандарына арнайы көмек көрсету қарастырылды. Біз 16 наурыздан бастап, 2021 жылдың 25 наурызына дейінгі аралықта бірінші толқын аясында кәсіпкерлерге субсидия беру шараларын бастадық. Онда 366 кәсіпкер жүгініп, 1612 қаржы шарттары жасалды. Осы құжаттарға сәйкес 6,8 млрд. теңгені төледік. Екінші толқында несие берілетін салалардың аясы 29-дан 174-ке кеңейді. Бұл кезеңде 73 кәсіпкердің 215 қаржы шарттары тізім бойынша кіріп, 518 миллион теңге төленді. Қазіргі таңда үшінші толқын бойынша жұмыстар жүргізілуде. Онда 93 сала бекітілді. Тізім 1 қыркүйекке дейін қабылдана береді, бүгінде 99 миллион қаржы іске асуда», – деді Ж.Бегмағанбетұлы.


Сонымен, жалпы айтқанда, 2021 жылдың бірінші жартыжылдығында Алматы қаласында түрлі қолдау бағдарламалары арқылы жалпы несие сомасы 81,77 млрд. теңге болатын 990 жобаға субсидиялау шарты жасалды. Әр бағдарламаға жеке-жеке тоқталып көрейік. «Бизнестің жол картасы–2025» бағдарламасы бойынша 78,37 млрд. теңгеге 300 жоба қолдау алса, «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы бойынша – 15,75 млрд. теңгеге шарт жасалды. Одан бөлек, ішінара кепілдік беру бойынша да өсім байқалады. 2021 жылдың бірінші жартыжылдығында кәсіпкерлердің 862 жобасы жалпы несие сомасы 20,9 млрд. теңгеге кепілдік алды.

Ары қарай баспасөз туры жалғасын тауып, журналистер қаланың түрлі қызмет салаларында өздерінің бизнес-идеяларын жүзеге асырып жатқан 3 кәсіпорынға жол тартты. Айта кететіні, қолдау қоры бизнес нысандардан бөлек, әлеуметтік маңызы бар салаларды да қамтиды. Оған біз барған «Нұр Бөбегі» балабақшасы дәлел.

Ең алдымен, біз 1992 жылы негізі қаланған, елдегі жалпы өнеркәсіптік және тұрмыстық жабдықтар нарығының көшбасшысы саналатын «Келет» компаниясына бардық.



Онда сорғы, желдеткіш, электр қозғалтқыштары, компрессорлар, жылыту және жылу жабдықтарын, бекіту-реттеу арматурасы мен тағы басқа бұйымдар шығарылып, отандық өнім ішкі нарық пен Ресей, Италия, Германия, Венгрия, ТМД-ның басқа елдеріне таратылады. Компанияның вице-президенті Антон Александрович журналистер қауымын қарсы алып, 4 цехтың жұмысымен толыққанды таныстырды. Дайын өнімді құрастыруда тек қазақстандық шикізат қолданылатынын атап өтті. Яғни толық қазақстандық өнім.



«Біз «Даму» қорымен 10 жылдай жұмыс істеп келеміз. Осыған дейін 2 инвестициялық жоба жүзеге асырылды. 2014 жылы қажетті лазерлік құралды «Бизнестің жол картасы» арқылы несиеге сатып алып, қарызды 2019 жылы толық өтедік. Ал 2020 жылы кәсіпорын жұмыс істеп тұрған өндірісті жаңғырту мақсатында «Сбербанк» АҚ ЕБ-нен лазерлік жабдықтар сатып алуға 400 млн. теңге қаржы алды. Нәтижесінде кәсіпорынның несие мөлшерлемесі жылына 14%-дан 6%-ға дейін төмендетілді. Бұл біз үшін үлкен көмек болды», – деді бас экономист Антон Александрович.

Келесі кезекте Алатау ауданы бүлдіршін-

дерін өз қарамағына алып отырған «Нұр Бөбегі» балабақшасына жол тарттық. 2015 жылдың 16 қыркүйегінде ашылған мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған тәрбие-білім беру орталығына сұраныс артып, үшінші филиал ашуға қаражат қажеттілігі туындаған. Нәтижесінде кәсіпкер «АТФ-Банк» АҚ-дан («First Heartland Jysan Bank» АҚ ЕБ) жылына 14%-бен 66,5 млн. теңге несие алады. Қор «Бизнестің жол картасы–2025» бағдарламасы бойынша несиені субсидиялап, нәтижесінде төлейтін ақырғы мөлшерлемесі 6%-ды құрады. Осы жоба ая-

КЕРЕК ДЕРЕК

* «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 26 сәуірдегі №665 «Шағын кәсіпкерлікті дамыту қорын құру туралы» қаулысының негізінде құрылған.

* Қордың аймақтық филиалдары Қазақстанның барлық аумақтарында жұмыс істейді, жергілікті кәсіпкерлермен, қоғамдық ұйымдармен және биліктің атқарушы органдарымен 20 жылдық жұмыс тәжірибесі бар.

Қаржылық қолдау түрлері:

- аймақтар мен жекелеген салаларға арналған мақсатты бағдарламалар аясында екінші деңгейлі банктер арқылы жеңілдікпен несиедендіру, кішігірім кредиттеу ұйымдары арқылы кішігірім кредиттеу;
- субсидиялау – банктердің бизнесті дамытуға бөлетін несиелерінің сыйақы мөлшерлемесін азайту;
- кепілдендіру – банктер алдындағы кепілзаты жетпеген жағдайда жартылай кепілдеме беру.

сында, одан бөлек, «Даму» қорынан 33,2 млн. теңгеге ішінара кепілдік берілді (несие сомасының 50%-ы).

«Қазіргі таңда бізде үш балабақша бар. Бізге «Алматы Арена», «Ақбұлақ», «Нұркент», «Ақкент» ықшамаудандарынан балалар келеді. Сондықтан жақында «Даму» қорымен бірлесе қосымша «Зерде» балабақшасы ашылып, орын тапшылығы азайып, 80 бала қабылданып отыр», – деді балабақша директоры Мария Қазбекқызы.

Соңында Алматы қаласы аумағында өнеркәсіптік мақсатта кір жуу және химиялық тазалау бойынша қызмет көрсететін «Сервис Казахстан» компаниясында болып қайттық. 2017 жылы негізі қаланған кәсіпорында «Қазақстан темір жолы» төсек жабдықтары жуылып, қайта қолданысқа беріледі.



«Біздің компания 2017 жылы жұмысын бастап, 2019 жылы «ҚТЖ» ҰК» ұйымдастырған тендерді ұтып алды. Осы тапсырысты өтеу мақсатында алдымен Jepsen марка-

лы заманауи өнеркәсіптік кір жуғыш машина сатып алу үшін «Bank RBK» АҚ арқылы 14,5%-бен 452, 7 млн. теңге несие алдық. Сөйтіп, Орталық Азияда мұндай неміс техникасы бар жалғыз кәсіпорын атандық. Мұнда жұмыс қуаттылығы күніне 30 тоннаны құрайды. Барлық жұмыс процесі 70%-ға автоматтандырылған. Берілген несие арқасында біз пандемия салдары – қиын-қыстау кезеңде жабылып қалмай, жұмыс орындарын сақтап қалдық», – деді компания директоры Абдалиева Алия.

Бұл компанияға да несиені «Даму» қоры «Бизнестің жол картасы–2025» бағдарламасының екінші бағыты аясында субсидиялап, нәтижесінде қазір 14,5%-дық несиені кәсіпорын 6%-бен төлейді. Айырмасын мемлекет өтейді.

Бизнесті мемлекет тарапынан қолдау – кәсіпкерлік секторды ынталандырып, дамытуда үлкен рөл атқарады. Әсіресе, пандемия салдарынан шығынға батып, зардап шеккен кәсіпорындарды үкімет өз қарамағына алмаса, Алматы – кәсіпкерлер қаласы атанудан қалады. Сондықтан «Бизнестің жол картасы–2025», «Қарапайым заттар экономикасы» сынды республикалық, жергілікті «Almaty Business–2025» бағдарламаларды дамыта отырып, қолдау көрсетудің жаңа мүмкіндіктерін қарастыра түсу керек. Ең бастысы, бұл бағдарламалардың қолжетімділігін арттырып, кәсіпкерлер арасында кеңінен таралуына мүмкіндіктер жасалса игі.





2021 жылға «Almaty aqshamy» газетіне үш айға жазылу жүріп жатыр

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін)
3 айға 1801,50 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)
3 айға – 4861,50 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)
3 айға – 1321,50 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-61.

ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА!

Аусыл ауруы

Аусыл – жіті және тез таралатын жұқпалы ауру. Бұл аурумен ірі қара малы, қой, ешкі, шошқа және т.б. жануарлар да ауырады. Жылқы мен тауықтар ауырмайды, кейбір жағдайда иттер мен мысықтар да ауырады. Ауру қоздырғыштары жоғары патогенді пиконавирус тұқымдасына жататын 7 серологиялық типтері бар вирус, яғни О, А, С, САТ-1, САТ-2, САТ-3, Азия-1. Қоздырғыш қатырғанға және кептіргенге төзімді, ал ультра күлгін сәулесімен және дезинфекциялық заттармен 60 градусқа қыздырғанда жойылады.

Аурудың белгілері: Ауырған малдар жем-шөпті жемейді, қимылы баяулайды, ауыздарынан сілекей ағады, кілегей қабықтарында қызғылт дақтар пайда болып, дене қызуы көтеріледі. Одан ары қызғылт дақтар күлдіреуікке айналады, желін мен аяқтың терісінде күлдіреуіктер пайда болады. Индеттің көздері болып аусылмен ауырған малдар болып табылады. Инкубациялық кезеңі 2 күннен 12 күнге дейін, кейбір жағдайларда 14–21 күнге дейін созылады.

Таралу жолдары: Аусылдың вирусы жем-шөппен, сумен, ауамен, сүтпен, сілекеймен, нәжіспен вирус сыртқы ортаға тез таралады.

Адамдар негізінен, аусылмен пастерленбеген сүтті, сүзбені, айранды және шикі зақым-

данған етті қолданған кезде ауырады. Аурудың жасырын кезеңі 2 күннен 7 күнге дейін. Ауру қоздырғышы адамнан адамға жұқпайды, негізінен жас балалар ауруға бейім келеді. Ауыз қуысының қызаруымен, лимфа түйіндерінің ұлғаюымен сипатталады.

Қазіргі уақытта бұл ауру Европада, Азияда, Африкада және Оңтүстік Америкада кездеседі.

Алдын алу шаралары және күресу шаралары: Үй жануарларын ұстау, күтіп-бағу кезінде ветеринариялық және зоогигиеналық талаптарды сақтау және ауыл шаруашылық малдарына міндетті түрде егу (вакцина) жұмыстарын жүргізіп отыру. Аусыл байқалған сәтте сау емес шаруашылыққа немесе елдімекенге карантин енгізіліп, індет ошағын шектеп, оған тәулік бойы кезекшілік тағайындайды. Жолдарды жауып, шлагбаум қойылады. Қолайсыз пункттен карантин эпизоотиялық ошақта соңғы ауырған жануардың жазылған, сойылған немесе жойылған күнінен бастап күнтізбелік 21 күн өткен соң алынады.

Г.ТІЛЕУБАЕВА,
ҚР АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті Алматы қаласы бойынша аумақтық инспекциясы биологиялық қауіпсіздігі бөлімінің бас маманы.

КЕРЕК ДЕРЕК

Алматы қаласы Статистика департаментінің мәліметіне сәйкес, 2021 жылдың III тоқсанына Алматы қаласы бойынша күнкөріс деңгейінің көлемі 38 731 теңге, кедейлік шегі – 27 112 теңгені құрап отыр.

АЛМАТЫ ҚАЛАЛЫҚ ӘЛЕУМЕТТІК ӘЛ-АУҚАТ БАСҚАРМАСЫ.

Редакция газетіміздің 2021 жылғы 21 тамыздағы №100 санында жарияланған «Үндестік елшісі» атты сұхбат техникалық себептерге байланысты алынып тасталғанын хабарлайды. Сұхбаттың кеңейтілген нұсқасын басылымның бүгінгі нөмірінен және сайтымыздан (28.08.2021) «Әлем энергиясы» тақырыбында оқи аласыз.

Алматы қалалық Ардагерлер кеңесі Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, белгілі журналист, «Парасат» орденінің кавалері, ардагерлер қозғалысының белсенді қатысушысы **Баймырза ДӘУРЕНБЕКОВТІҢ** қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына, туған-туыстары мен жақындарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!



«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

- * мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;
- * бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;
- * әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

- * құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;
 - * құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!
- Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

Алматы қаласының әкімдігі Наурызбай ауданының әкімі Санжар Әділұлы Тоғайға әкесі
Әділ Құдайбергенұлы ТОҒАЕВТЫҢ қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Almaty aqshamy» ЖШС Наурызбай ауданының әкімі Санжар Әділұлы Тоғайға әкесі
Әділ Құдайбергенұлы ТОҒАЕВТЫҢ қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Роза РАҚЫМҚЫЗЫ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Әсел ДАҒЖАН

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**
тел.: 232-36-54.

WEB-редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және тарату
бөлімінің менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail:
dalemesh@vecher.kz

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ



Республикаға тарайтын
қоғамдық-саяси қалалық
басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет сейсенбі, бейсенбі,
сенбі күндері шығады.**
**Апталық
таралымы – 15 663**

**Кезекші редактор –
Динара МҰРАТ**

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VРУ00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

ХАЛЫҚ САНАҒЫ
2021
ПЕРЕПИСЬ НАСЕЛЕНИЯСАНАҚТАН ҚАЛАЙ
ӨТУГЕ БОЛАДЫ

2021 ЖЫЛДЫҢ ҚЫРКҮЙЕК АЙЫНДА

№1

SANAQ.GOV.KZ
САЙТЫНДА

№2

ИНТЕРВЬЮЕРДІҢ
КЕЛУІН КҮТУ

№3

НҰСҚАУШЫЛЫҚ
УЧАСКЕГЕ БАРУ№1 ТӘСІЛМЕН САНАҚТАН
ӨТКЕНДЕР ҮШІН
санақтан өткендігі туралы
хабарлама нөмірін
көрсету жеткілікті1 ҚЫРКҮЙЕК - 15 ҚАЗАН
АРАЛЫҒЫНДА23 000-НАН АСТАМ
ИНТЕРВЬЮЕР
еліміз бойынша
БАРЛЫҚ тұрғын
үй-жайларды
аралайды

15-30 ҚАЗАН АРАЛЫҒЫНДА



15-30 ҚАЗАН АРАЛЫҒЫНДА

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

28.08.2021

Түнде:

+14+16 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:

+23+25 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.Желдің жылдамдығы:
9-14 м/с

29.08.2021

Түнде:

+10+12 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:

+20+22 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.Желдің жылдамдығы:
9-14 м/с

СЕНБІЛІК САУАЛНАМА

Балаңыз мектепке дайын ба?

Айкерім
РАЙЫСҚЫЗЫ

1 қыркүйекте мектептер дәстүрлі оқу форматына оралады. Осы ретте еліміздегі хабарландыру сайттарының бірі өз пайдаланушылары жиі іздейтін тауарлар тізімін жасап, орташа бағаны анықтап көрді. Сөйтіп, сайт сарапшылары «Өткен жылмен салыстырғанда Қазақстанда оқушыларға арналған тауарларға сұраныс 2 есеге, ал ұсыныс 3,5 есеге өсті» деген мәлімет берді. Сонымен қатар, соңғы екі айда сайттың іздеу жүйесіне репетиторларға қатысты сұрау көп түскен. Өйткені, жұртшылық жаз бойы алаңсыз жүрген балаларының есіне оқыған-білгенін бір түсіріп қоюды дұрыс деп санайды.

Ал сіздің балаңыз мектепке дайын ба?

МАЙРА,
бастауыш сынып мұғалімі:

– 5 баламның биыл 4-еуі мектепке барады. Өткен аптада қажетті заттарын түгелдедік. Форма кию міндеттелмесе де, балалар өздері кигісі келді. Сондықтан сатып алдық. Былтыр киім алмағасын алдыңғы жылы киген формалары қысқарып қалыпты. 4 баламен жүріп, базар аралау да оңай емес екен. Әрқайсысының көңілі бар. Киім-кешек, қалам-дәптер алуға 85 мың теңге жұмсадық. Бәрі қымбат. «Ең керектің алды» дегеннің өзі солай болды. Осыдан екі жыл бұрын 2 баламды мектепке дайындағанға 30 мыңдай кететін. Дәптердің өзі 25 теңге тұрады, ал егер сол жерден өзге қалам, қарындаштарды алсаң, 10 теңгеге береді екен.

САҒАДАТ,
сатушы:

– Менің балаларым қалам-дәптер алумен шектелді. Үй ішімізбен ауырып, есімізді енді жиып жатырмыз. Әрі мектеп формасы міндетті болмағасын алмадық. Сабақтың қаншалықты ұзаққа созылары да белгісіз ғой. Қайта онлайн форматқа ауысып жатса, үйде құр тұрып, сыймай қалады ғой. Бір емес, 4 бала. Біреуін ғана киіндіріп қоя алмайсыз.

АЛЬВИРА,
балабақша қызметкері:

– Биыл немерем бірінші сыныпқа барады. Форма алу міндеттелмесе де, өзіміз қызығып алдық. Оқушы екенін, мектепке барғанын сезінсін дедік. Мұғалімі қисық көз, тор көз дәптерлер мен түрлі-түсті қарындаш, қара қарындаш ғана алу керектігін айтты. Ол да дұрыс болған екен, базарда сатушылар «тізім бойынша анау керек, мынау керек» деп тықпалағанда «шынымен керек болып қала ма?» деп ойланyp қаласыз. Оларды да түсінеміз, былтыр сауда болмады. Десе де, халықтың қалтасын да бір сәт ойлап қою керек қой.

ТОЛҚЫН,
аспаз:

– Таңдау болғасын, біз биыл да онлайн оқымыз деп шештік. Үйде үлкендеріміз бар, солар үшін қорқамыз. Тек қажетті дәптерлерін ғана алдық. Былтыр үйде оқытқан кезімізде көп тәжірибе жинадық. Биыл соны қолданып көрмекпіз. Оқитын бала қайда да оқиды. Бастысы, ынта болу керек.

БӘРЕКЕЛДІ!

Өзіңе ғана сен!

Айжан
БҮРКІТБАЕВА

«Грэмми» сыйлығының иегері Иманбек Зейкенов UYA 2021 онлайн-форумының бірінші күнінде өнер көрсетті.

UYA Forum 2021 – бұл Қазақстанның электрондық музыканттары үшін алғашқы халықаралық онлайн-форум. Ол 25-26 тамыз аралығында өткен болатын. Исшараға әлемнің әр түкпірінен жиналған сарапшылардан білім алғысы келетін жас музыканттар қатысты. Олардың ішінде Ресей, Украина, АҚШ және Еуропа елдерінің өнерпаздары бар. Форумның арнайы қонағы ретінде диджей және саунд-продюсер Иманбек Зейкенов (Imanbek) шақыртылған. Ол өз тыңдаушыла-

рына жобаны қайдан бастау, музыканы қалай жылжыту керек, хоббиді қалай монетизациялау, халықаралық белгілер қалай жұмыс істейтінін және тағы басқалар туралы сыр шертті.

«Осы тұста жас музыканттарға айтарым, егер біз ешкімге үміт артпай, музыкант музыкантпен ғана жұмыс істейтін болсақ, биікті бағындыра аламыз. Себебі, мемлекетке ғана сеніп жүре беру – дұрыс шешім емес. Өзіміз еңбек етуіміз керек», – дейді Иманбек.

Қазіргі таңда музыкант ешқандай компаниямен келісім-шарт жасаспаған. Себебі, музыка таңдауда, өңдеуде еркіндік болғанын қалаймын дейді.

Иманбек өнердегі алғашқы әнін іске қосқан кезде оның қалай жасалатынын білмейтінін мойындады. Оған қазір осы мәселе бойынша ресейлік effective Records лейблін көмектесіп жатқанын айтады.

Форумға қатысушы жас музыканттар Иманбектің арқасында қазақстандық саунд-продюсерлерге көбірек көңіл бөліне бастағанын атап өтті.

Кеше Иманбек Зейкеновтің жаңа әнінің тұсауы кесілді. Трек LP стилінде.

